

АҚМЕШІТ жастары

6+



Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін.
Мағжан



№ 50 (535)
14 желтоқсан, 2023 жыл



Тәуелсіздікті жүрекпен сезіну керек

Жүрек түбіндегі ұлы ойлар қай кезде де арман-мақсатқа жетелейді. Әлихан мен Ахметтің, Мұстафа мен Міржақыптың кеуде сарайында жете алмай көткен арманы біздің уыста бүгін. Бағалайтын бақ та, ешнәрсеге айырбастай алмас жақұт та, баянды бақыт та – осы. Өзгеге телмірмей, өзіңде барды шүкір етіп, жарқын болашаққа көз тастау дегеніңіз нағыз тәуелсіздік емес пе?! «Өзінің мақсаты жоқ адам, өзгенің мақсатына жетуіне жұмыс істейді» депті бір данышпан. Мақсатымыз бар, асыл мұрат пен асқақ арман да жоқ емес. Ендеше бізден асқан бақытты ел бар ма?!

Иә, Алтай мен Атырау арасындағы ұланғайыр атыраптың әрбір түкпірінде осы тәуелсіздіктің ұландары өсіп-жетіліп келеді. Ұраны – Алаш, ұлты – қазақ, діні – ислам. Ана тілінде еркін сөйлейді, ұлттың салт-дәстүрін де бойына сіңіріп, ұлттық құндылықтармен сусындайды. Кейде осы толқынның алдағы жарқын болашағында біздің қазақтың ұлттық рухының асқақтығы әлемді бағындыратындай көрінеді. Жо-жоқ, келешекте емес, қазірдің өзінде осылай. Иә, сезінесіз бе?! Қазақтың өнін тыңдаған миллиардтаған қытай көзіне жас алды. Қазақ өнінің құдыретін сезіндірген Димаш та – осы тәуелсіз елдің перзенті. Әлем төріндегі байрақты бәсекелерде спортшылар жеңіс туын желбіретіп жатқанда көкте көк байрақ

желбіреді, қазақтың әнұраны ойнайды. Ал сол бақытқа жетпей, өзгенің туын көтеріп жүргендер қаншама?! Тәуелсіздік атты ұлы ұғым қоғамның бар саласында тайға таңба басқандай көрініп тұр. Оны айғайлап айтудың қажеті шамалы. Өйткені тәуелсіздікті тілмен айтып жеткізе алмайсыз, жүрекпен сезінесіз.

Егемен елміз, жоғымызды түгендеп, өшкенімізді жаңғыртып, өлгенімізді тірілтіп келе жатқан осынау отыз жылдан астам уақыт ішінде ұлттық болмысымызды да қалыптастырып келеміз. Бодандықта алтын уақытымызды өлтіріп, жоғалтқанымыз бар. Бір адам үшін тұтас ғұмырдың жартысына жетебабыл болғанмен, мемлекет үшін өлшем бірліктер ғасырларға, тіпті мыңжылдықтарға ұласатыны ойда болған жөн. Осы жылдар ішінде кем-кетігіміз де болды, жетістігіміз де жүк болардай. Уақыт тоқтамайды, ал біз ілесуіміз керек. Ал заманның талабы не? Дамудың даңғыл жолынан адасып қалмай, көштен қалмай тек алға қадам басу. Иә, заман талабы да нақ осында жатыр. Өзің оз, озбасаң, жол бер. Ізінде қанша ел келе жатыр. Сәл аялдадың ба, бітті, көш соңына қарай кеттің. Ал аялдамай, екі атта, үш атта, бастысы алға жылжы, сонда арманың да жақындайды. Ал арман қандай? Төрткүл дүниенің алдында рухы биік, сағы сынбайтын, көкбөрінің ұрпағы екендігі көрсету. Рас, ешкімнің алдында өзіңді дәлелдеуге тиіс емессің дейтіндер де



өмір сүрмеу керек табылар, бір нәрсені дәлелдеу үшін дейді тағы бірі. Бір ғана нәрсе дәлелдеуге тұрарлықтай. Ол – қазақтың мықты екенін, тұғырлы екенін көрсету. Оны дәлелдемей, мәңгілік ел тек сөз жүзінде қалары анық. Осы жерде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Басқадан кем болмау үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болу үшін оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Ал күшті болуға бірлік керек» деген сөзін ойға салғым келіп тұр. Бұл сөз тәуелсіз елдің әрбір ұланының ұранына айналу керек.

Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхаммед Қонаев «Тәуелсіздіктің жүгі ауыр» деген екен. Иә, расында арқалай жүретін жауапкершілігі де, сезіне алу керек жүгі де жеткілікті. Біз ұлт болып ұйысып, елдік мүддені жоғары қоя алсақ, тәуелсіздіктің тұғыры биікте болары анық. Ол үшін бірлік керек, ал қазақ «Бірліксіз тірлік болмайтынын» әуелден-ақ айтты емес пе?! Жақында ғана бір ақпаратты көзім

шалды. Қазіргі таңда шетел әдебиеттерінің сатылымы біршама азайып, қазақ тілді кітаптардың сатылымы екі есеге артыпты.

Бәріміз тіл мәселесін бір адамдай көтеріп жүрміз, бірақ бір кездергі статистикамен қараймыз. Бірақ қазір бәрі жаңарды. Ұрпақтың ұлық елдің перзенті екенін сезініп өсіп келе жатқаны қуантады. Біз тәуелсіз елдің азаматы екенімізді мақтан етеміз. Сол елдің жарқын болашағы жолында еңбек етеміз. Ал сіз ше, қадірлі оқырман?! Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Басқа қонған бақ баянды, еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!

Дәулет ҚЫРДАН

Төрінде

Сыр халқына танымал азамат осылайша атқарған қыруар істің жемісті нәтижесіне қол жеткізді. Әлбетте, ауыз толтырып айтарлық ауқымды іс бір ғана марапаттың ауқымына сыя қоймас. Десек те, Болатбектің болаттай болмысы мұнымен тоқтап қалуға болмайды дегенге саяды.

«Бұл марапат «Волонтерлер» фронт-офисінің жұмысына берілген үлкен баға деп білуге болады. Жалғыз менің емес, менің команدامның марапаты. Біздің ортақ



20 ерікті үміткер ретінде қатысып, 2-еуі «Жыл волонтеры» номинациясына ие болды. Бұл – біз үшін мақтаным.

Облыстық волонтерлер фронт-офис волонтерлері,

Өңірде қай-сыбір істің басында да еріктілер көшін бастап жүретін жерлесіміз Болатбек Айтбөбетов таяуда ғана халықаралық волонтерлер күніне орай Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Жыл волонтері» халықаралық сыйлығының «Әлеуметтік міндеттерді шешуге қосқан үлесі үшін» номинациясының жеңімпазы атанды. Волонтер «Бұл – жерлестердің, волонтер достарымның қолдауының арқасында келген номинация. Бұл – біздің жеңіс, біздің жетістік. Біз біргеміз!» деп бағалайды.

жетістігіміз. Алдағы уақытта қатарымызды көбейтіміз келеді. Әрине, санына емес, сапасына көп мән береміз. Әр істің өзінің білікті маман-волонтерларымен қатарымыз толықса дейміз. Бізде бірнеше бағыт бар. Сол бағыттың әрбірінде саланы білетін тіс қаққан мамандар болғаны жөн. Алдағы уақытта волонтер деген сөзге ең бірінші Қызылорда облысы еске түсетіндей деңгейге жетсек деген жоспар да бар. Алдағы жыл ТМД елдері бойынша волонтерлер жылы болмақ. Сол атаулы датада біз Қазақстанның атын шығарғмыз келеді», – дейді Болатбек Серікбайұлы.

Атап өтейік, Қызылорда облысының волонтерлер фронт-офисі биыл волонтерлік бағытта 150 шара ұйымдастырып, оған 3500-ге жуық волонтер тартылды. «Qamqor», «Taza alem», «Asyl mura», «Sabaqtastyq» «Bilim» «Umit», «Sauluq», «Media», «Ayala» тағы басқа да түрлі бағыттар бойынша жан-жақты көмек беріп келеді.

«Республикалық волонтерлер фронт-офисі ұйымдастырған «Жыл волонтеры» сыйлығына облыстан

акциялармен шектелмей, «Мектепке жол» акциясы секілді көптеген қайырымды істердің басы-қасынан табылып, халықтың алғысына бөленіп келеді. Бүгінде облыста 27 волонтерлік ұйым, фронт-офис жанында 2000-нан астам волонтер бар, – деді Б.Айтбөбетов.

«Волонтер – мейірімді жан. Әрбіріміздің жүрегіміз мейірім мен махаббатқа толсын» деген кеңпейіл Болатбек Серікбайұлы алдағы уақытта да бұл бағытта аянбай еңбек ететінін айтты.

Қолы қимылдағанға ақы сұрайтын қоғамда Сырдың ерікті азаматтарының атқарып жатқан ісі қай кезде де алдыңғы қатарда жүр. Бүгінде әлеуметтік желі мен басылымдарда «Қызылордада волонтер кім десе, ең алдымен ойымызға Болатбек келеді» деген жылы лебіз бен ыстық ықылас жиі назарға ілігуде. Иә, еңбектегі ең биік баға – халықтың ықыласы.

Аян СПАНДИЯР

Соның нәтижесінде стартап жобасын қолға алып, инновациялық идеясын іске асырып жүргендер бар. Әсіресе «Тәуелсіздік ұрпақтары» байқауы әр жастың бағын ашты.

– Еліміз дербес мемлекет болғаннан бері ойы еркін, рухы азат тұтас буын өсіп жетілді. Тәуелсіздік перзенттерінің алдыңғы толқыны ержетіп, ел ісіне араласуда. Олар Отанымыздың өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келе жатыр. Егемендік кезеңінде туып-өскен жастарымызға арнайы грант бөлуді тапсырғанмын. Бұл – талапты ұл-қыздарымыздың бастамаларын қолдау үшін жасалған қадам, – деді Мемлекет басшысы



сы қолдау тапты. – Өңірімізде өнертапқыш жас баршылық. Әрқайсысы жаңа көзқарас, креативті ойымен

«Тәуелсіздік ұрпақтары»: Досым додада топ жарды

XXI ғасыр – жаһандық сын-қатердің ғана емес, таланттың топтасып, ойдың озған дәуірі. Өскелең ұрпақтың өрелі болуы өрге жетелейтіні де анық. Жастардың жанкешті еңбегі һәм ұшқыр қиялы түрлі тәжірибе жүргізуге түрткі болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев. Аймағымызда да байқау жүйелі өткізіледі. Құжат тапсыруға асыққан жастар әр кезеңнен кідіргісі жоқ. Демек мұның шығармашыл жастар қауымдастығын құруғы ықпалы зор. Кіл дарынды додада 3 бағыт бойынша жоба ұсынады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті Досым Әділхан «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегері атанып, жоба-

ерекшенеді. Сондықтан жобаны жүйелі ұсынуға кірістім. Қызылорда қаласы бойынша «Kettik Kyzylorda» медиа-нұсқаулығын әзірледім. Бұған дейін олар бұл жобаны Kyzylorda Hub ұйымдастырған хакатонда ұсынды, қазылар алқасы мен менторлардың кері байланысының арқасында жобаны жақсарттық. Мақсатым – жобаны дамытып, аймақ бейнесін айшықтап, облыстың оң имиджін қалыптастыру. Бұл ішкі туризмді де дамытуға сеп болатыны сөзсіз. Нұсқаулық тек қала қоғамына емес, тұрақты тұрғындарға да пайдалы деп айтар едім. Өйткені жоба қаланың жағымды тұсын ашады және жаңа орындар жайында ақпарат алуға мүмкіндік бар. Тіпті өтетін іс-шараға дейін хабарланyp отырады. Әрине мұның бәрін жоба барысында қарастырдым, – дейді жеңімпаз.

Иә, әрбір жасты жігерлендіру елдің әлеуметтік-экономикасына оң әсер етеді. Бұл – заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтардың білімімен өлшенетініне айғақ.

Замира ДАСТАНҚЫЗЫ

Реставрация: «Кітап емханасы» жайлы не білеміз?

Кейде ескі кітаптың құны мен қадірін ұға бермейтініміз рас. Көне сарай, үй шатырында шаң басып жатқаны қаншама. Қолға алып оқуға мүжілген мұқабасы мен сарғайған парағы кедергі деп ойларымыз белгілі. Алайда қолда барды қадірлей білсек, көне кітаптың өзі құнды жәдігерге айналатыны түсіне білмейтініміз жасырын емес. Олай дейтініміз, мұндай жәдігерлер егесіне қомақты қаржы өкеліп, болашаққа салынған инвестиция орнына жүруге қауқарлы. Тек ұқыпты ұстап, қалыпқа келтіруді қапы жібермесе болғаны. Бүгінгі тақырып – кітап реставрациясы мәселесі. Елімізде кенжелеген саланың олқылығы неде? Құнды жәдігер иелері қандай кедергіге кезігеді? Күтіп ұстаудың

кеңесі қандай? Маман жеткілікті ме? Міне, осы мазмұндағы сауалдарға жауап іздеу арқылы тақырып аясын ашуға тырысып көрелік.

Қазақстанда көне кітапты қалыпқа келтіріп, жинақтаумен кәсіби түрде айналысатын мекеме бар. Ол – Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы. Адам тәнін емдегендей ыждаһат пен ықылас, байып пен зейінді тоғыстырған мамандар ісіне тиянақты, жоспарлы мығым. Тіпті өзара бұл орталықты «кітап емханасы» деп атайды екен. Мұндағы реставрация лабораториясында жүз жылдықтар тоғысында жарық көрген кітаптарға өмір сыйлап, сыртқы және мазмұндық сипатын қалыпқа келтіреді.



Өкініштісі, арнайы орталық жүйелі жұмыс істегенімен саладағы маман тапшылығы реставрация бағытының дамуына кедергі келтіруде. Аталған мәселені орталықтың бөлім басшысы Сырым Ботабеков те бірнеше мәрте көтеріп, мәселенің мән-маңызын БАҚ өкілдеріне жеткізген еді. Расында, Қазақстанда тек 20 шақты кітап реставраторы бар. Елімізде реставрация жоқ деп айтуға болмайды, әрине, Әр қордың кішігірім өңдеу жұмыстарын атқаратын мамандар қалыптасқан. Бірақ бұл қызметті кәсіби деңгейде атқаратындар аз. Кезінде сала министрлігі аталған мәселемен танысып, шешуге септігін тигізетінін айтқан болатын. Қазіргі уақытта отандық жоғары оқу орындарымен

реставратор мамандарды даярлау мәселесі бойынша келіссөздер жүргізілуі де сол жұмыстың нәтижесі болса керек.

Жалпы Қазақстанда кітап реставраторлары жетіспейтіні бұрын да айтылып келген. Ең басты кемшілік, отандық жоғары оқу орындары ондай мамандарды даярламайды екен. Яғни, бұған дейін кәсіби оқыту жүргізілмеген деген сөз. Тек соңғы бірнеше жылда іс ілгерілеп, жауапты министрлік ЖОО-мен келіссөз жүргізуге көшкен. Аталған қадам елдегі кітап өңдеумен айналысатын мамандардың қатарын көбейтеді деген үміт бар.

– Еліміздегі үлкен мұрағаттарда реставрация зертханалары ашылып жатыр. Қазақстан бойынша реставраторлардың біліктілігін арттыру бойынша кәсіби деңгейде айналысатын екі орталық бар. Біріншісі – Алматыдағы ҚР Ұлттық кітапханасы, екіншісі – елордадағы «Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы».

Енді «Астана қаласының мемлекеттік архиві» де қатарымызға қосылады. Шетелдіктермен тәжірибе алмасу аясында 2 маманымыз Арменияға реставраторлардың басқосуына барып келді. Сондай-ақ Корея, Түркия, Армения, Ресей елдерінен білімін жетілдірген мамандар да бар, – деді «Реставрация-консервация» бөлімінің басшысы.

«Реставрация-консервация» бөлімі демекші, мұнда атқарылған жұмыстар кітапты қалыпқа келтірудің озық үлгісін көрсетіп жүргенін айта кету керек. Мысалы, Сырым Ботабеков жетекшілік ететін бөлімде көне жәдігер жетерлік. Көбі XVII–XVIII ғасырларға жататын құнды кітап. Барлығы дерлік республикалық, халықаралық институттар мен жеке коллекциядан келген дүниелер. Бұл жердегі істің ыңғайын білетін мамандар жарамсызға саналған

кітапқа жан бітіріп, жандандыруға тақарлы.

– Орталықта 7000-ға жуық жәдігер бар. Олардың дені қазақ, орыс, парсы, араб тілінде жазылған кітаптар. Қолжазба қорында 300 кітап, ал цифрлы қорда 500 мың жәдігер жинақталған. Бұл деректер ортағасырлық Қазақстан мен шығыс елдерінің тарихы, діні, ғылымы туралы толыққанды мәлімет бере алатынымен құнды. Бірде хижра жыл санауы бойынша 1280 жылы шыққан, яғни заманауи уақыт өлшемі бойынша 1863 жылы жарық көрген «Құран» кітабын әкелді. Бұл «Нұр-Астана» мешітімен бірлесе атқарған жұмыс еді.

Өкініштісі, реставратор маманын еш жерде оқытпайды. Елордадағы мамандардың өзі бұрынғы тарихшы, суретшілер. Олар шеберлігін шыңдау үшін ел асып, Иран, Оңтүстік Корея, Армения секілді мемлекеттерге баруға мәжбүр, – дейді Сырым Болатбеков.

Маманның айтуынша, реставрацияға түрлі жәдігер ілігуі мүмкін екен. Кітап, қолжазба, нота, карта, фотосурет, хат бөлшегі секілді кез келген ескінің көзін қайта қалыпқа келтіруге мүмкіндік бар. Ол үшін белгілі бір технология мен тәжірибе жеткілікті. Ал мұндай құнды тәжірибені игеру оңай жұмыс емес.

Жалпы әлемдік тәжірибеде кітапқа реставрация жасау процесінде бірізділік бар. Бізде де сол технология қолданылады екен. Мысалы, реставрацияға тіркелген құжат алдымен целлофанға салынады. Бұл процесс кезінде барлық оттегі алынып, кітап бойындағы микроорганизмдерді тазарту үшін инертті газ қосылады. Бұған дейін инертті газдың орнына формалин пайдаланылып келген болатын. Алайда бұл қоспаның ағзаға зияны анықталып, қолданыстан алынған.

– Келесі кезеңге өтеміз. Бұл кезеңде вакуумдық генератор арқылы кітапқа ғасырлар бойы жиналған шаң-тозаң алынады. Сосын арнайы құралмен қолма-қол

тазарту жүргізіледі. Соңғы кезеңдер парақтың қышқылыдың өлшеу, келтіру жұмысына жатады. Ескеретін жайт, кітап желімі ретінде ғасырлар бойы қолданылатын ұн желімін пайдаланамыз. Оны қолдан жасау оңай. Бар болғаны ұн, тазартылған су, желатин, глицерин және антисептик керек.

Құжатты сақтаудың нормативтері бар. Қағазды ұзақ уақыт сақтау үшін бөлменің температурасы +18 бен +20 градус аралығында, ал ылғалдылық 55-60 процент болуы қажет. Егер одан төмен немесе жоғары болса, зиянын тигізеді, – дейді реставратор.


Сырым Сайлауұлының айтуынша, елімізде ірі мекемелерге құжаттарды ұзақ сақтауға жағдай жасалған. Ал ауылдық елдімекендерде бұл жағдай қиын.

– Шалғай аудандарда жалақы аз, сондықтан жұмыс істеуге жасалатын жағдайлары жайлы айта алмаймын. Шетелге барып, тәжірибе алмасуға мүмкіндіктері жоқ. Сондай-ақ ғұламалардың басым көпшілігі ауылдық жерден шыққан, сәйкесінше, олардың қолжазбалары да сол жергілікті мекендегі музейлерде сақталады. Ал ауылдағы мамандар құжатты сақтау нормативтерін дұрыс білмеуі мүмкін. Бұл жағдай оларды ұзақ уақыт сақтауға кері әсерін тигізеді, – дейді ол.

P.S. Құнды кітаптар нарығында жәдігердің жылы ескірген сайын бағасы аспандай беретін үрдіс бар. Тіпті бір ескі кітапті зәулім үй, қымбат көлік, қомақты ақшаға айырбастаған оқиғаларды естіп те жүрміз. Дамыған елдерде ескі кітаптардан коллекция жинау ақпаратты адамдардың ермегіне айналғаны да саланың табысты болашағынан хабар берсе керек. Сондықтан аталған салада білім жетілдіріп, тәжірибе алмасуға ұмтылу – кезек күттірмейтін қадам.

P.МАҚСҒТ

Реставрация: «Кітап емханасы» жойғы не білеміз?



Жастар криминалға қаншалықты жақын?

1990 жылдардағы қылмыс әлемі жұрттың жағасын ұстатқаны жасырын емес. Топтан бір адамды сайлап, түпкір-түпкірді түгендеп, жан-жағын жалмады. Керек болса, көз көгертіп, мұрынды бет қылды, тіпті кісі өлімі де көбейгені белгілі. Бірі жалғанды жалпағынан басқандарды «пір» тұтса, енді бірі қояндай қалтырап қорықты. «Жер астынан жік шықты, қос құлағы тік шықтының» кері болды. Енді сериал сананы улап, жастар арасында төбелес туындадады деген күдік басым. Сол үшін «Слова пацана» сериалына наразы болған да, қолдау білдірген де бар.

–Көшедегі төбелес сол кезде де белең алды, қазір де кей өңірде сақталған. Бұл дұрыс емес. Ең шарықтау шегі – 1990 жылдар. «Тонау», «тартып алу», «қрыша», «ркет болу» деген шыққан кез. Ұлдар қатты еліктейді, осындайға... Сырттай естігендерім бар. Біреуі «ркет» болған. Сотталды, ажырасты, намазхан, жат ағымда жүр. Енді бірі түзелген, қазір бизнесі бар. Тіпті жоғалып кетіп, бірнеше жылдан кейін табылғаны да кездесті, – деді

әлеуметтік желі қолданушысы.

Иә, қазір де моральдық және материалдық тұрғыда қысым көрсету жоқ емес. Аумақ-аумаққа бөлініп жүретіндер әлі де кездеседі екен.

– «Запад», «Шанхай», «Орталық» сынды аймаққа бөлінген жастар бар. Топтық төбелес жиі болмағанымен, пышақпен жарақаттау фактісі тіркелді. Біз бақылау жұмыстарын жүргіземіз. Әр топтың басшысы, ортасында жетекшісі болады. Соны анықтап, арнайы тізімге тіркейміз. Ол кәдімгі базальқ есеп емес. Сондықтан ондай жастарды қатаң қадағалап отырамыз, – деді қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция бөлімі ювеналды полиция бөлімшесінің полиция капитаны Асқар Досмағанбетов.

Расымен де жік-жікке бөлінуге тоқтама қою керек. Әйтпесе сойқанның салдары біз ойлағаннан да ауыр болуы мүмкін. Бейбіт күннің берекесін алмағанға не жетсін?!

Ажиотаж: Білім министрлігі бұған не дейді?

«Бандиттік топтың бұзақылығы бәсеңсіді ме?» дегенде сап тыйылған құбылыс жоқ. Білімнің қара шаңырағында да басбұзар әрекетімен әлсізді жаншып жүргендер кездеседі. Сериалдан соң ата-ана көңілі де алаң болды. Олар зорлық-зомбылықты насихаттайтынын айтып, шара қолдануды сұрады.

Ал Үкіметтің баспасөз орталығында ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек сериалды әлі көріп үлгермегенін айтты. – Сериал жайлы қоғамда ақпараттар көп. Тіпті, Ресей федерациясының өзінде де аталған өнімге қатысты түрлі пікір айтылып жатыр. Қазір сериалға қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Бұл іске өзге де министрліктер араласуда. Нақты бір шешім айту әлі ерте. Бірақ қоғамда айтарлықтай дүрлігу байқалмайды», – деді ол.

Расымен, мәселенің мәнісіне барып, байыпты байламға келген дұрыс-ақ. Әсіресе мектепте тәртіп пен бақылауды күшейту керек. «Оқушы өліміне сыныптасының соққысы әсер етті» деген ақпарат та желіде желдей ескен еді. Қазір «бас сынса, берік ішінде, қол сынса, жең ішінде» қалмайтын заман болды.

– Әрине, кез келген зорлық зомбылық әрекеттерге қарсымыз. Сериалға келсек, оны жарыққа шығарған мемлекеттің өзінде де бұл мәселе қызу талқыланып жатыр. Біздің елде де анықтамалық жұмыстар атқарылуда. Жалпы, мектептерде зорлық-зомбылықты насихаттайтын дүниелерге жол берілмейді, – деді оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев.

Қос министрдің сөзі алаң көңілдің аптығын қаншалықты басатыны белгісіз. Көптің уәж айтуында да себеп бар. Алматы облысында жасөспірімдердің қатысуымен жаппай төбелес орын алған. Төртеуі ауыр жағдайда ауруханада жатыр. Кейін Алматы облысының полиция департаменті төбелеске қатысушылар Жәпек батыр ауылындағы мектептердің бірінің оқушылары екенін хабарлады. Ал әлеуметтік желілерде көпшілік бұған «Слова

пацана» сериалының кері әсері бар екенін жарыса жазды.

Тыйым: Кино индустриясына кедергі

Қылмыс пен төбелеске толы сериал «Слова пацана» ғана емес. Қазақстанда да криминал жанрында түсірілген сериалдар бар. Айталық, алғашқы бөлімінен көп назарын аудартып, трендтен түспеген «5:32» - де қылмыстың түр-түрі

көрсетілді. Бұл жүйке мен жүрекке ауыр нәм санаға салмақ түсіргені рас. Бірақ сериалда арнайы ескерту беріліп, 21 жастан асқан көрерменге көруге болатыны айтылды. Бұдан бөлек «Рауза» телехикаясы 90-жылдардағы оқиғаларды қамтыды. Көптің сұранысынан кейін жаңа маусымы да жарыққа шықты.

– Кино – идеология құралы. Астарында не барын болжап білу мүмкін емес. Оны қабылдау көрерменге тікелей байланысты. Бәлкім, біреуі сондай-ақ ситуацияны өзіне жақын тұтар. Ал келесі бірі оны жай ғана тамашалауы мүмкін. Қауіп пен қайшылыққа толы дүниенің адам санасына кереғар әсер ететіні, жас ескінің санасын улайтыны анық. Мұны ата-ана назарға алу керек. Әйтпесе әлем елдерінің өніміне өшігіп, бөріне бірдей тыйым сала алмаймыз, – дейді психолог Жанна Сырапылқызы.

Бұл сөзді жас режиссер Жансая Мұхамедиярова да құптады.

– Негізінде фильм-сериалдың өнер екенін ұмытпаған жөн. Көргенді ой-түйсікпен сараптап алу керек. Туындының дұрыс-бұрысын байқап, мән-мағынаға толтыру көрерменнің өз жауапкершілігінде. Өнер тарихында көптеген фильмге тыйым салынған, алайда олар өнер туындысы ретінде сақталған. Қызу талқыға түскен ресейлік сериалда шынайылық көрсетілген. Әрі заң бойынша шектеу қойылған. Яғни, 18-ге толған, кемелеттік жастағы, ақыл-ойы қалыптасқан адамға ғана қарауға болады делінген. Сондықтан ата-ана кемелет жасқа толмаған баласының не көріп жатқанынан хабардар болуы керек.

Жасөспірімнің психикасы әлі толық қалыптаспаған және сыртқы факторлардың ықпалынан қорғалмаған. Сондықтан психолог пен ата-ана түсіндіру жұмысын жүргізу керек. Ал өнер туындысына тоқтама қойғанымен, көрермен қызығушылығы күрт төмендемейді. Керісінше, сұраныс артып, мәселе ушығуы мүмкін, – дейді ол.

Түйіндей келе, өгіз өлмейтіндей, арба сынбайтындай шешім қабылдаған ләзім. Тәртіптің бала әрі қоғам қауіпсіздігі үшін маңызы екені айдап анық. Жаға жыртқы мен әлімжеттік адамға абырой елпейді.

Сериал: Саналы ұрпақтың көсегесін көгерте ме?



ТЕАТРҒА БАЛАНЫ МӘЖБҮРЛЕП ӘКЕЛМЕУ КЕРЕК

Орта Азиядағы драма театрлар арасынан ойып орын алған, халық мақтанышына айналған Мұхтар Әуезов атындағы қазақ ұлттық драма театры – сахна саңлақтарының бағын ашқан қасиетті мекен. Майталмандармен бірге сахна сәнін келтіріп, қазақ мәдениетіне үлес қосып жүргендер қатарында Әлсейіт Жалғасұлы бар. Жас талантпен жақында тілдескен едік.

– Образдан ұзақ уақыт шыға алмай қалатын кез бола ма?

– Өнер күші пәрменді. Образбен өмір сүру туралы өнер жолындағы аға-әпкелерден естіп жүрміз. Образдан шыға алмай, бірер сәт кейіпкердің мінезін жібермей, өмірді сол бейненің болмысымен сүретін шақтар болды дегеннен де хабардармыз. Кейбір актерлер психологтың да көмегіне жүгініп, қатты күйзеліс үстінде болатынын білемін. Бұл – күрделі процесс. Алайда ондай сәтті басымнан кешпедім. Әйтсе де өнер жолында түрлі жайтты бастан кешуге болады. Кейде рөлді жақсы сомдағаның сонша ақиқат пен шындықтың аражігін ажырата алмайтын сәт бар. Бұл – әрбір өнер өкілі бастан кешуі тиіс тәжірибе. Өз басым театрға жұмыс ретінде қараймын. Қиялға ерік беріп, кейіпкеріме еніп кететін сәт сирек. Актер болған соң көбісі кейіпкерді жан тәнімен сезінетін шығар деп ойлайды. Шынайы өмір мен рөлдің арасындағы шекарадан асып кетпеуге тырысамын. Ол менің кәсіби шеберлігімді шыңдайды.

– Ұлттық театрда жұмыс істеу нендей артықшылық береді?

– Жауапкершілік зор. М.Әуезов театрында Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткерлері жұмыс істейді. Көркем көріністерді бірге сахналаймыз. Олар – өз ісінің шебері. Олардың жолын, өсте қайталай алмаспыз, алайда абыройын ерқашан асқақтатып, аға-әпкелерден қалған асыл мұраны дәріптеуге міндеттіміз. Тарихта аты қалған тұлғалардың жолын қуып, айтқан әрбір салмақты ойын санаға құюға тырысамыз.



Сонымен қатар өткен жылы Мұхтар Әуезовтың 125 жылдық мерейтойы қарсаңында қасиетті мекенге «ұлттық театр» мәртебесі берілді. Бұл – ұжымға артылған жауапкершілік.

– Станиславскийдің «Театр киім ілгіштен басталады» деген қанатты сөзін білеміз. Ол көрерменнің әуелгі әдебі мен көзқарасын меңзеген ұғым екені даусыз. Осы орайда қазақ қоғамындағы театр мәдениеті қаншалықты қалыптасты деп санайсыз?

– Театр – нағыз өнерді ардақтайтын мәдени орда. Сахна төрінде тұрған актердің еңбегі қошемет арқылы бағаланады. Қойылымға кедергі келтіріп, этиканы сақтамау өрескел қате екенін білеміз. Олқылық орын алмас үшін алдын-ала ескерту де

айтылады. Қазір киелі сахнаны сыйламайтындар жоқтың қасы. Барынша баппен спектакльге алдын-ала дайындалатын жандар көбейді. Байқағаным, бұрынғыға қарағанда адамдар мәдениетке аса көңіл аударады. Баяғыдай спорттық емес, сәнді киіммен зал көркін ашады. Сырт киімді залға емес, гардеробқа іліп кетеді. Театр этикасын сақтап, спектакльге кешікпейді. Артық эмоция көрсетіп, кедергі келтіргісі жоқ. Мұның бәрі мәдени тұрғыдан ескенімізді білдіреді. Әрбір көрермен біз үшін құнды. Біздің өнерді де дәл солай бағаласа деген ниетіміз бар.

– «Театрға баланы мәжбүрлеп әкелмеу керек» деген пікір бар. Осыған алып қосарыңыз бар ма?

– Баланың мәдениетке ерте кезден қызығушылығын ояту дұрыс. Бірақ мәжбүрлеп емес. Театр – рухани құндылыққа толы тәрбие ошағы. Адами жақсы қасиеттерді дәріптейтін орданы аттаған баладан жаман адам шықпайды. Балалардың таным-түйсігін кеңейту, патриоттық сезімді ояту, сүйіспеншілік пен мейірімділікке дағдылайтын қойылымдар керек терапия. Оларға арнайы әр қалада қуыршақ театры жұмыс істеп тұр. Құр телефоннан мультфильм көре бергеннен, мәдени азыққа толы театрға келіп бірер сәт миды тынықтырған жақсы ғой. Бір өкініштісі, қарбаласқа

толы күндері балаға назар аударудың өзі де қиын болып кетті. Алайда барлық тірлікті ысырып қойып, қойылым көріп қайтқанға не жетсін?! – Театр өзін-өзі асырай ала ма?

– Бұрынғыны еске алатын болсақ, өнерге бөлінетін қаржы мардымсыз еді. Қазіргі күннің өзінде жалақы ауыз толтырып айтарлықтай көп емес. Десек те, билік быыл мәдениет саласына жақсы назар аударып, гастрольдік іс-сапарлар санын көбейтті. Негізі танымал актердың еңбекақысы да жоғары болады. Қаншалықты бағын жанып, өзінің кәсіби шеберлігін дәлелдей алсаң, соншалықты абырой саған жұмыс істейтіні рас. «Ұлттық» статусы бар театрларда жалақы жоғары, бірақ жалпы театрда айлық шайлыққа жетпейді.

– Еліміздегі қай театр ұжымын ерекше атап өтер едіңіз?

– Жалпы, Қазақстанда 60-тан астам театр болса, оның елуі шақтысы мемлекеттік. Біздің ұжым барлығымен дерлік жақсы қарым-қатынаста. Ерекше атап өтетін шығармашылық ұжымдар – Ғабит Мүсірепов атындағы балалар және жасөспірімдер театры, елордадағы Жастар театры, Ақтаудағы Нұрмұхан Жантөрин атындағы ең жас театр, сондай-ақ Нартай Бекежанов атындағы музыкалық драма театры. Оған ұлттық театрдың желтоқсан айында гастрольдік іс-сапармен ат басын Сыр елінің киелі сахнасына бұруы дәлел. Нартай Бекежанов атындағы драма театрда бірқатар танымал қойылымды сахналап, көрермен қошеметіне бөлендік. Бұл осындағы жас актерларға жақсы тәжірибе жинап, өнердегі алпауыт тұлғалардан сабақ алуға мүмкіндік болды деп ойлаймын. Қызылордалық әріптестерімізбен әріптестік байланыс алда да ажырамайды.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Өңімелескен
Нұршат НЫШАНОВА



«InnoFest» – жастарды жарқын болашаққа жетелейтін ауқымды жоба. Қазір компьютерлік жүйе мен саңдық технологияның тілін табу маңызды. Өйткені табыс көзі мен дамудың кілті сонда. Ойы озық, іске шебер жастардың бір-бірінен қалыспайтынын фестиваль дәлелдеп келеді. Бір тәулік ішінде идеяны жүзеге асыру оңай емес. Ал байқау қатысушылары қабілеті мен біліміне сенімді. Содан да болар, жыл сайын жеңіс тұғырынан көрінетін жеңімпаз көбейген.



«INNOFEST» – ИДЕЯНЫҢ ТОҒЫСҚАН ОРТАСЫ

Иә, жас буын байқау басталды дегеннен-ақ бақ сынауға дайын. Мәселен, өткен жылы 1700 жас, биыл 2500 жас қатысуға ниет білдіріп, 250-ге жуық команда жобасын қорғады. Тіпті алыстан ат арылтып келгендер де бар. Яғни аймақ жастарынан бөлек, Астана, Түркістан, Байқоңыр қаласынан келіп, қатарды толықтырды. Мұның өзі құлшыныстың зор, талаптың таудай екенін аңғартады.

Қатысушылардың «SmartCity», «Контент&Дизайн», «Кино&Видео» бағыты бойынша жұмысы сарапқа салынды. Байқауда жастар цифрлы сабақ жоспары, телефон алаяқтары, смарт туризм, сөйлейтін өліппе сынды бірнеше жобалар ұсынды.

– Дәл қазір нарыққа креативті индустрияны қалыптастыратын азаматтар керек. Оның ішінде IT саласы ерекше маңызға ие. Жасанды интеллект бағытына деген сұраныс бар кезде біз үшін білікті

де білімді жастардың жаңа жобалары әркез өзекті. Жақында ғана облыс әкімінің қолдауымен Қызылордада Сеул ғылым және технологиялар университетінің жасанды интеллект және жоғары математика мектебі ашылды. Келешекте біздің жастар саладағы жаңашылдықтарды меңгеріп, Кореяда білімін жетілдіруге мүмкіндік алады. Биыл «InnoFest» тарихында алғаш рет Астана IT университетінің гранты табысталады. Бұл – жастар үшін айрықша қолдау! – деді облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ерлан Бөкіров.

Расында да, ұтқырлықпен ұтымды шешім шығару ұшқыр ойдың жемісі. Ендеше

– 500 мың теңге, II орын – 300 мың теңге, III орын – 200 мың теңгенің қаржылай сертификаттары табысталды. Сонымен қатар креативті ойымен, жоба мазмұнымен тәнті еткен қатысушыларға республикалық жоғары оқу орындарының 10 оқу гранты берілді.

– Өткен жылы Контент&дизайн бағыты бойынша II орын иелендім, ал осы жылы «Smart city» бойынша ASTANA IT University грант иегері атанып, MSSP Global компаниясына шақырту алдым. Бәсекелестік жақсы болды. Қабілетті

Дәуіт Сұрағанмен бірлесіп жасаған едік. Бұл қазақтілді аудиторияға арналған. – дейді жоба жеңімпазы Асылжан Абдуллаев.

Іске икемді болу жас талғамайды. Бұл білімнен және тәжірибеден туындайды. Байқаудың ең жас 6 жасар Нұрадинов Нұрзекер пен ең үлкен қатысушысы 60 жастағы Мавлютхан Саматов сөзімізге дәлел.



жастар көп. Бірақ өз күшіме толықтай сендім. Күні-түні ұйықтамай «QazaqGPT» генеративті интеграцияланған жасанды интеллект базасын құрастырумен болдым. Әділ қазыларға да ректорлық грант жайлы инициативамды білдірдім.

Генеративті алдын ала дайындалған трансформатор – қазақ тіліндегі ең алғаш Open AI базасындағы жасанды интеллект. «InnoFest23» инновациялық идеялар және стартаптар байқауының негізінде командалық мүшесі және жақын әріптесім

«InnoFest» фестивалі 4 жыл ішінде өзіндік орнын қалыптастырды. Аймақтағы жетекші жобаның жастарға шабыт, мол мүмкіндік бергеніне талас жоқ. Өнертапқыштың өңір дамуына да үлес қосатыны анық.

Замира ҚОНЫСЖАН

– Жас дипломаттар курсы ашуға, жастардың басын қосуға идея қалай келді? Жалпы жұмысты қай жылы қолға алдыңыз?

– Негізі дипломатия таңсық термин емес. Екі ел арасындағы елшілік, ынтымақпен ымыраға келу Қазақ хандығы тұсында да қалыптасқан. Сол кезеңдегі дипломатиялық қатынас пен байланыс хаттары, маңызды құжаттарға тарих куә. Әлем елдерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, өзара шешімге келу ел ертеңіне айтарлықтай үлес қосады. Сондықтан жастардың саяси сауатын арттыру бағытында іске көшкенді жөн көрдік. «Жас дипломаттар» клубы 2010 жылы құрылды. Осы уақытқа дейін танымды

Тыңдырымды тірлік, берекелі бірлік болған жерде ғана тұрақтылық салтанат құрады. Мұндайда елшіге екпін түсетіні ақиқат. Сайып келгенде саясаттан мақұрым қалмай, оң-солын тану әр жасқа керек-ақ. Өйткені дипломатия – өмір мектебі. Осы орайда Астана дипломатиялық клубының президенті Қайырболат Сахметовпен тілдескен едік.

ауқымды іс көп. Тіпті шетелдік спикерлер де арнайы сабақ өткізіп, тәжірибе алмасып жүр. Осы жайында тарқатсаңыз...

– Елімізде 72 елші, 10-нан астам халықаралық ұйым жұмыс істейді. Басшылары мектебімізде түрлі тақырыпта дәріс оқиды. Этикет және дипломатиялық хаттама жөнінде де егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Жақында Ұлыбританияның ҚР елшісінің орынбасары Шон Мельбурн "климаттың өзгеруіне байланысты мәселелерді шешу

бөлісті. Еуропалық Одақтың интеграциясы мен дамуында аймақтардың маңызды рөл атқаратыны туралы тілге тиек етті. Қазақстандағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңесі басшысының орынбасары Юрий Фенопотов мырзаның "ЕҚЫҰ-ның халықаралық қатынастар жүйесіндегі рөлі" бойынша өткізген дәрісі де жоғары деңгейде. Ол ЕҚЫҰ-ның қалыптасу тарихы, миссиясы, міндеттері мен қағидаттары туралы қызықты презентация ұсынды. Елдер арасындағы диалог пен ынтымақтастықтың маңызы жөнінде мардымды ақпараттар айтылды.

Осы уақытқа дейін Бельгия, Индонезия, Палестина, Ұлыбритания сынды мемлекет елшілері бірнеше сабақ өткізді. Әрқайсысымен байланысымыз берік. Жаһандық мәселе жайында әңгіме өрбітіп, жастар салмақты салаға қатысты сауалына жауап алып жүр. Қысқасы, қатысушылардың әр дәрістен алатын өсері мол. Дипломатияның ауқымды ғылым екені рас. Сондықтан бірегей білім ғана адамды жетілдіреді. Осы тұста сабақ жүйесінде екі кезеңді қамтимыз. Теориялық тұрғыда ҚР дипломатия ардагерлері мен ҚР-дағы шетелдік елшілердің, ҚР Парламенті Мәжілісі депутаттары дәріс береді. Яғни, дипломатиялық хаттама және этикет негіздері, көшбасшылық және келіссөздер жүргізу,

түсінуге тырысасың ғой. Жас буында да сондай қызығушылық пен талпыныс басым. Өрине мұндай нәтиже бізді қуантады. Түлектерге қанат бітіріп, санаға сергіліс, өмірлік азық бере алсақ жұмысымыздың жемісі. Қазіргі таңда дәріске ден қойып, әрбір сабаққа ынтымақпен қатысқан жастар өз орнын тапқан. Бірі атқарушы директор, енді бірі медиа саласының маманы, аудармашы, компаниялардың негізін қалаушы. Әлеуметтік желідегі парақшамызда



ететін жайт-тар бар.

Өрине жаһандық дағдарыс әрбір мемлекетке ықпал етпей қоймайды. Сондықтан әр мемлекет әлемдік даму үшін әрекет етуі тиіс.

Қауіп пен қайшылыққа толы мәселеде мәмілеге келу маңызды. Демек, дипломаттың миссиясы – дақпырт пен дау-дамайсыз ақырын тамырды басу. Келіссөз жүргізіп, шыншыл шешім шығару.

Дипломаттың жұмысы тек ресми қабылдаулар емес. Бір сәтте барлығын назарда



мектеп түлектерімен сауалнама жүргіземіз. «Дипломатия мектебі

Дипломатия дәрмені:

Батыл шешім немесе әділ әрекет

кеңейтетін тренингтер өткізіп, тәжірибелі мамандармен бірлесе жұмыс істедік. Жастар әр басқосуда жаһандық мәселені санада сараптап, қажет ақпарат пен тың дерек алады. 2000-нан астам түлегіміз бар.

Дипломатияның тамыры терең нем тарауы көп. Қоғамдық, мәдени, сандық, экономикалық дипломатия деп жік-жікке бөлінеді. Демек алуан бағыты бойынша маңызды аспектіні меңгерген дұрыс. Жастар саясат жөнінде жетік білсе жандануға жол ашық деген сөз. Біз қолға алған жобаның да мақсаты сол. Өскекең ұрпақты Қазақстанның және жер шарындағы түрлі елдің мәдениетіне мән беріп, тарихи-дипломатиялық мұрасын зерделеуге баулуда үлкен жұмыс.

– Жұмыс жүйелі, атқарған

үшін білім мен жастардың маңыздылығы" тақырыбында дәріс өтті. Сондай-ақ "Elegance" Француз этикеті мектебімен бірге зайырлы этикет тақырыбында ой бөлістік. Жастар дипломатия саласының этикет ережелерін терең түсіну мүмкіндігіне ие болды. Осы орайда "Elegance" Француз этикеті мектебінің негізін қалаушы Оксана Князева ханымға және жетекші маман Алмагүл Мұстафақызына ынтымақтастық үшін алғыс айтамыз.

Арнайы қоңақ және көрнекті сарапшы, Лубуш воеводствосының вице-маршалы Тадеуш Едрзэйчак "ЕО-дағы өңірлердің рөлі" тақырыбында тәжірибесімен

шет тілдерін білу, дипломатия тарихы жөнінде тәжірибе алмасады. Ал практикалық кезеңде шет елдердің

Елшілігіне барып, жетекші шетелдік оқу орындарымен танысуға мүмкіндік беріледі. Конференция, форум мен семинар толық қамтылады. Бұл дипломатиялық білім іргетасын нықтай түспек.

– Иә, мектеп дипломатия мен саясаттың қыр-сырын үйретуде көз басында. Білімі артып, көкжиегі кеңейген шәкірттеріңіз қандай жетістікке жетуде?

– Әлемдік оқиғаға қанық болған сайын, сол елдің әлеуетін тани

не берді» деген сұраққа әрқилы жауап берген. Елші мен консулдардан нақты нұсқау алғанына алғыс айтатындар көп. Теорияның іс жүзінде тиімділігін көрсеткені құба-құп, өрине.

– Салаға қатысты сөз қозғасақ, қазір қандай жаһандық мәселелер көңілді күпті етіп отыр. Бұл ретте халықаралық қатынастың қарқыны қандай? Дипломаттың дәрмені жайында не дейсіз?

– Жаһандық экологиялық өзгерістер, ядролық қауіпсіздік, азық-түлік тапшылығы, түрлі індет аурулары, техногендік катастрофалар, халықаралық терроризм, халықаралық заңсыз қару сату және діни экстримизм секілді алаң

ұстау, мида қорыту, зейінді зерттеу жасау тән. Саяси сауаты мен білім-тәжірибесін айтпағанда, келесі тараптың сөйлеген сөзінен ісін бағамдау, жасайтын қадамын болжау маңызды. Демек дипломат нағыз аналитик болуы тиіс.

Сыртқы саясатты бүге-шүгесіне дейін түсініп, азаматтардың құқығын қорғауда нәтижелі жұмыс істеу де үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осы үдеден шыққан дипломатты майталман маман деуге әбден болар. Дипломатияның дәрмені талай тірлікті тындыруға жетеді. Жастар дипломатияға ерекше ден қойып жүр. Бұл қарқын тоқтамаса, қауқарымыз да кемімесе анық.

Әңгімелескен Замира ҚОНЫСЖАН

«Аударманың оқылмай, өлі қалғаны аянышты»

Кітапты жата-жастана оқытын толқын өткенде қалды дейтіндер бар. Бірақ қай нәрсе болса да сұранысына қарай нарықтан өзінің орнын таба алады. Өйтсе де, қазір әлем классиктерін туған тілде сөйлетудің жайы қалай? Бұл бағытта қалам қуаттап жүргендер кімдер? Қазіргі әлем әдебиетінің аудармаларын кімдер оқиды? Сан сауал көкейде, зерттеп-зерделеген шамамызбен оқырманға ұсынып отырмыз.

Елімізде қазақтілді кітаптарға сұраныс бұрынғыдан әлдеқайда арта түскен. Республикалық БАҚ бетінде «Меломан» желісінің кітап дирекциясының жетекшісі Ксения Семенованың берген мәліметінше, орыс тіліндегі кітаптарға сұраныс 15 процентке төмендеген. Тиісінше, қазақтілді кітаптарға деген сұраныс екі есе артыпты. Ал «Бүгінде кітап оқымайды» деген пікірдің жиекке шығып қалғаны анық. Әлеуметтік желілерде де көпшіліктің көңілінен шығып жүрген көптеген мамандар бар. Жазған жазбаның мөлдірлігі мен шынайылығынан есте алдыңғы орында тұрған қаламгерлердің бірі Шынар Әбілдамен пікірлескен едік.

«Аударма – заман көшінен қалыспайтын сала. Меніңше, қазақ аудармасы кенжелеп дамып жатыр. Дегенмен, қазіргі таңда баспалар арасында аудармаға ден қоюшылықты байқаймыз. Бұл үдеріс қуантады. Егер аудармаға мемлекеттік тараптан қолдау

көрсетілсе, біздің әдеби үдеріс зор серпінге ие болар еді. Аударманың арқалайтын жүгі ауыр. Алайда беретін жемісі де мол. Ол қаламгердің ізденісін кеңейтетін көкжиек. Талпынысын арттыратын қыруар еңбек. Аудармаға ден қойған елдерді байқасақ, әдебиеттері жақсы даму жолына түскен. Олардың өзі қазіргі таңда стихиялық деңгейге жетіп отыр. Осындай үлкен дәрежеге көтерілу үшін аударма саласы үздіксіз жетілдіріліп,

қолдау көрсетіліп, әдеби көштің алдында жүруі тиіс. Бұл бір жағынан, қаламгерлер арасында бәсекелестік рухты көтерсе, екінші жағынан өзінде барды түгендеп, сырт елге не берсек дегенді құнттауға септігін тигізеді. Аударма тек әдебиет саласын емес, жалпы қажетті саланың бәрінде бар. Сол мұқтаждық өз талабына сай бүтінделіп жатқан жоқ. Өлі күнге дейін ЖОО-лардың оқулық ұсынғанда шетелдік авторларды орыс не ағылшын тіліндегі еңбегін айтатынын көріп жүрміз. Соның бәрі аударма саласында өлі де олқылығымыз бар екеніне дәлел. Аудармашының еңбегі ұшан-теңіз. Дегенмен, аударманың мәнін түсінетін, мәйегін жеткізетін аудармашылар болғаны қуантады. Оларға сұраныс арта береді. Қазіргі таңда тіл білімін жетілдірудің өзіне жақсырақ құнттау қажет сияқты. Өсіресе аудармашылар үшін», – дейді Шынар Әбілда.

Өйтсе де әдеби аударманың орны бөлек. Оны

мамандар жауапкершілік жүгін сезіне біліп, еңбек ету керегін айтады. Өйтпесе еткен еңбегінің мәні де болмайтыны анық. Осы ретте қарымды қаламгер Шынар Әбілдамыз сөзіне сүйенсек, аударма тіпті түпнұсқадан да әсерлі болу керек деген ойға тоқталуға болады. Өйткені өз тіліндегі тындырдан алатын өсері өзге тілге қарағанда басым болу керек.

«Синхронды аударма бір бөлек әлем болса, әдеби аударма ол мүлде басқа сала. Әдеби аударманың маңызы ешқашан кемімейді. Мәтіннің маңызын жоғалтып алмай оқырманға ой салу үлкен талант. Өз басым, еркін аударманы жақсы көремін, сөзбе сөз емес, аударманың атмосферасын еркін жеткізу. Жылайтын жеріндегі эмоциясын қысып қалмай, күлетін жеріндегі ырықсыз көңілді сол күйінше көрсетуге тырысамын. Аударманың оқылмай, өлі қалғаны аянышты. Еңбегін ақталмай қалғаны. Сондықтан аударма мәтіннің өзі аударылып белгілі бір тілге көшкенде түпнұсқадан тәуелсіздік алып, еркін өмір сүруіне жол ашу аудармашының міндеті деп қарастыруға болады. Аударылған дүние оқыған адамның көкейіне қонса, онда өзіне артылған миссияны атқарғаны. Оқып отырған адам ойға қалмаса, сыдыртып өте шықса, аударма дегеніне жетпей қалғаны деп түсінемін», – дейді ол.

Бұрын-соңды ресейлік баспа өнімдері бізге тікелей жол тартатын. Қазір санкцияға байланысты әлем әдебиеті Ресейге, Ресей сыртқа шығуды қойды. Біздегі мәліметтерге сүйенсек, сатылған өнімдердің көпшілігі Ресейден және орыс тілінде болып келді. Ол уақыттарда әрбір бесінші кітап қазақша сөйледі. Тіпті, елдегі кітап дүкендерінің қоржынындағы кітаптардың шамамен 80 проценті – шетел әдебиеті. Бұрын көш басына шыққан фантастика жанрының ізін «самари» жанры басып тұр.

Республикалық бұқаралық ақпарат құралдарына «Zerde Publishing» баспасының негізін қалаушы әрі директоры Инара Сәуруар «Көрші елге аударма жасауға қазірде санкциялардың салынып жатуы қазақстандық баспа үшін артықшылықтар ғана береді. Қазір «Зерде» баспасы ханзада Гарридидің сенсациялық естеліктерін шығару үшін британдық әріптестермен келіссөздер жүргізіп жатыр. Авторларды ұсынатын және барлық тілдерде құқықтарды сататын Penguin Random House LLC сияқты жаһандық баспа конгломераттары Қазақстанды орыстілді оқырмандары бар нарық ретінде тани бермейді. Біздің халықтың саны олармен жұмыс істеуге дайын статистика емес. Бірақ жағдай өзгеруде. Сондықтан, ең алдымен, біз енді авторлық құқық иелерінен аударманың сапасына, авторлық құқықтың сақталуына кепілдік бере отырып, өз атымызға ие боламыз. Zerde Publishing баспасы орыс тіліндегі бестселлерлердің құқықтарын сатып алу бойынша белсенді жұмысты бастады», – деген пікір білдірген.

Осы жерде айта кету керек, қазір аудармамен қатар түпнұсқалар да кеңінен сатыла бастады. Демек, біздің елдегі оқырмандардың тіл білімінде терең ізденісі бар

деген сөз. Мәселен, Барак Обаманың бір-екі жыл бұрын шыққан кітабы орысша және қазақша аудармасынан гөрі әлдеқайда қымбатырақ сатылды. Бірақ бағасының қымбат болғанына қарамастан, ол түгел сатылып кетті. Ендеше, ағылшын тілінде кітап оқып, айы оңынан туып жүргендер жетерлік деген сөз.

Тілші түйіні:

Облыстық телеарнада еңбек етіп жүргенімде ресейлік бір тұлғаның сөзін аударып, синхронға салуым қажет болды. Аударған деген осы екен деп, сөзбе-сөз аудардым да, монтажға отырдым. Жұмысымды тексерген жаңалықтар бөлімінің редакторы маған: «Қазақтар бейшара десе, оны да солай аударасың ба? Ұлттық ерік-жігерің мен ұлтыңа деген махаббатыңның деңгейі осы ма?» деген еді. Мен сонда барып, аударманың қаншалықты жүк арқалайтынын түсіндім. Өсте, әңгіме мұнда емес. Әңгіме, сөзбе-сөз аудару өте қате ұғым екенінде. Ғылымда тікелей аударманың өз реттілігі бар шығар, бірақ әдебиетте аударған дүниенді оқыған автордың өзі ойланп қалуы керек. Бұл – аударманың ең маңызды факторы. Сондықтан аудармаға жүре қараудың қажеті жоқ.

Аян СПАНДИЯР

ҚҰРЫЛЫСШЫ ТАБЫСТЫ МА?

Құрылыс индустриясы – экономиканың негізгі іргетасы. Кез келген елдің экономикалық күшқуаты мен әлеуметтік тұрақтылығы осы саланың дамуымен тікелей байланысты. Тәуелсіздік жылдары отандық құрылыс индустриясы қанат жайып, құрылыс материалдарын шығаратын өндіріс орындары көбейді.

Кейінгі жылдары республика бойынша, оның ішінде біздің қалада да құрылыс қарқынды дамуда. Ауқымды саланы алға жылжытуда құрылысшылар қазіргі заманға сай білікті де білімді, іскер де қабілетті маман ретінде өзгелерге үлгі-өнеге болып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық деңгейінің артуына айтарлықтай еңбек сіңіруде. Құрылысшылардың кәсіпқойлығы мен шеберлігінің арқасында жаңа үйлер, мектептер, аурухана, жол салынып жатыр.

«Білімді, еңбекқор, бастамашыл, белсенді болуға қазірден бастап дағдыланыңдар. Жұмыс пен сұраныс бар өңірге батыл барыңдар. Шеберліктің шыңына жетсеңдер, мамандықтың бәрі жақсы. Қазір техникалық мамандықтардың, ғылым мен инновацияның заманы. Ерінбей еңбек еткен, талмай ғылым іздеген, жалықпай техника меңгерген адам озады» деп айтып отырады үлкендер. Олай болса, ертеңгі ойлар бүгінгі жас түлек мамандық таңдарда қателеспеу қажет. Мамандық таңдау үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Ол – әрбір адамның болашағы. Қазір И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінде «Ғимараттар мен құрылымдарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша білім алудамыз.

Мұндағы білім берудің мақсаты – бәсекеге қабілетті, жан-жақты дамыған, білікті маман даярлау.

Техникалық және кәсіптік білім беру саласында бәсекеге қабілетті маман дайындауда колледж заман көшінен қалыспай келеді.

Осы орайда алдағы уақытта Қазақстанның 9 экономикалық секторының бірі – құрылыс саласында қандай мамандық сұраныста болатынын еске салғым келеді. Бұл ретте BTS Education компаниясы 181 сарапшымен сауалнама, 10 сұқбат жүргізіп, 63 форсайт-сессияға қатысыпты. Инженерлік жобалау, құрылыс-монтаждау жұмыстарынан бастап, қажетті материалдар мен техникалар зерттелген екен. Нәтижесінде 17 жаңа мамандық, 8 өзгеріске ұшырайтын және 16 жойылатын мамандық анықталған көрінеді.

Кез келген ғимаратты салмас бұрын оның 100 есе кішірейтілген макеті жасалады. Алдымен нысан туралы барлық ақпарат цифрлық форматта жиналып, содан кейін арнайы техниканың көмегімен шеберлер ғимараттың Lego конструкторы сияқты көшірмесін жасайды. Келешекте цифрландыру, роботтар, 3D принтерлер құрылыс саласына түбегейлі енгізілмек. Технологиялық цифрландыруға сұраныстың артуына байланысты кейін бұл салада цифрлық немесе виртуал жобалаушы, «ақылды үй» мен «ақылды жол» дизайнері, Big Data талдаушысы, инновация жөніндегі менеджер сынды мамандықтар пайда болады.

«Ақылды үй» дизайнері жаңа технология арқылы үй мен пәтерді барлық керек жабдықпен қамтамасыз етеді, яғни тұрмыстық техниканы, қауіпсіздік жүйесін, жарық, энергия, су жабдықтарын, климатты бақылауды, аудио жүйені орнатады. «Ақылды үй» дизайнері цифрлық технологияны терең меңгеруі керек. Сондай-ақ, пәтер иелерін анықтайтын бет-әлпетті тану жүйесі мен өмір сүруге қолайлы параметрлерді іске қосады. Бұл мамандықты таңдасаңыз, есептеу техникасы, электротехника, машина жасауды білуіңіз керек. Халықаралық білім беру

корпорациясы, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық және М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті «ақылды үй» жобалаушысын білім беру бағдарламасына қосуды жоспарлап отыр. VI Group, «Базис» сияқты құрылыс компанияларында бұл маманға сұраныс артады.

«Ақылды жол»

жобалаушысы да сұранысқа ие болмақ. Бұл мамандық 2025-2030 жылдардан кейін пайда болады деген болжам бар. Негізгі қызметі – IoT технология көмегімен көлік, жол, бағдарламашы және көше белгілері үшін қауіпсіздікті арттыруға, жол кетпелісін азайтуға, қоршаған ортаның ластануының алдын алу. «Ақылды жол» дизайнері үлкен деректермен, сымсыз желілермен жұмыс істеп, киберқауіпсіздікті білу қажет.

Бақытжан ТӘЛІП,
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжінің ПГС-22 оқу тобының студенті,
Кенже МАЙХАНОВА,
жетекшісі

ӘРБІР МАМАН КӘСІБИ БІЛІКТІ БОЛУЫ ҚАЖЕТ

Жастар үшін экономика факультетінде білім алудың артықшылығы – экономика, менеджмент, есеп, статистика, талдау және қаржы, заманауи IT – технологиялар бүгінде білім мен біліктіліктің жалпы жиынтығы. Өйткені аталған факультетте қоғамда, кәсіби қызметте жоғары сұранысқа ие мамандар даярланады. Айталық, факультетте бакалавриат, магистратура, докторантура кезеңін құрайтын үш деңгейлі білім беру жүйесі бар.

Білім берудің жаңа парадигмалары сөзсіз заманауи, инновациялық тәсілдер мен шындыққа негізделу керек. Қалыптасқан әлемдік тәжірибеге сүйенсек, қазіргі заманғы нарықтық экономика мамандардың әлеуметтік-экономикалық біліміне, кәсіби деңгейіне ерекше талаптар қоятынын көрсетеді. Сондықтан экономикалық терең білім, жаңаша ойлау, жоғары мәдениет қажет. Сондай-ақ қазіргі заманғы білікті тұлғаның кәсіпкерлік пен іскерлік, есептілік пен экономикалық, адалдық пен ар-ождан принциптеріне негізделген, бастамашылдығы мен жоғары еңбек тәртібі болуы тиіс. Осыған орай күрделі мәселені өз бетінше талдап, жауапты шешімдер қабылдауы және оларды экстремалды жағдайда жүзеге асыра білу маңызды.

Қорыта айтқанда, бүгінгі таңда экономикалық білім беру – ұлттық экономиканың жандануын қамтамасыз етуге бағытталған.

Айгерім ЕРСІН,
Қаз ҰУ-дің 4 курс студенті,
Жетекшісі Шынар Абдикул

СТУДЕНТ ТЫҢ ТӘСІЛМЕН ШЫҢДАЛАДЫ

Елімізде колледж студенттері практикадан жаңа форматта өтеді. Бұл туралы Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлім етті.

Министрлік педагогтарды кадрларды даярлаудың сапасын арттыру үшін жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, келесі жұмыстарды атқарады. Үздік балабақшалар жанынан құрылған құзыреттілік орталықтарында және жетекші мектептердің базасында дуалды оқыту кеңейтіледі. Студенттерді кәсіптік практикадан өткізудің жаңа форматы енгізіледі», – деді Ғани Бейсембаев Үкімет отырысында баяндай отырып.

Министрдің айтуынша, 31 педагогикалық колледждің материалдық-техникалық базасы нығаяды. «Ел ішінде немесе шетелде тәжірибе алмасу мақсатында колледж педагогтері мен студенттері үшін академиялық ұтқырлық бағдарламасы енгізіледі. 31 педагогикалық колледждің материалдық-техникалық базасы күшейеді», – дейді ведомство басшысы.

ЕРІКТІЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ЕРЛІКПЕН ТЕҢ

Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастырылған жастармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Шыңғис Нүрекеш халықаралық еріктілер күні аясында ұйымдастырылған іс-шаралар жайлы айтты.



– Атап айтқанда, «Ерікті болу оңай» ұранымен қарттар үйінде «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында мерекелік іс-шара өтті. Кеш барысында қарттар үйінің ауласында қысқы тазалық жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек, «Мен волонтермін!», «Менің үлесіме баға жетпейді!», «Бұл – сенің тандауың!» атты акция мен челленджер әлеуметтік желілерге жарияланды. Сондай-ақ «Донор бол!» ерікті түрде қан тапсыру акциясы өтіп, орталық қызметкерлері қан тапсырды, – деді Шыңғис Тағатаұлы.

10 МЫҢ АДАМҒА – 100 ЖАҢА ЖҰМЫС ОРНЫ

Президенттің 10 мың адамға 100 жаңа жұмыс орнын құру тапсырмасы 11 айда толық орындалды. Бұл туралы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде айтты.

«Халықты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу – басты міндетіміз. Жыл басынан бері экономиканың барлық саласында 44695 адам жұмыспен тапсырмасы шеңберінде биыл облыста жоспар бойынша 10651 жұмыс орнын құру көзделсе, қазір 11654 адам жұмыспен қамтылды», – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Айта кетейік, өңірде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 3,5 пайыз, жалпы жұмыссыздық – 4,8 пайыз. Өткен жылмен салыстырғанда жұмыссыздық көрсеткіші төмендеді. Былтыр облыста жалпы жұмыссыздық деңгейі 4,9 пайыз, ал жастар арасындағы жұмыссыздық 4 пайыз болған.

21 ЖАЙЛЫ МЕКТЕП САЛЫНАДЫ

Астана қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақ дамуы, оның ішінде әлеуметтік саладағы жетістіктер туралы айтты.

«Облыс бюджетінің 61 пайызы әлеуметтік салаға бағытталған. Соның ішінде білім саласына 278 млрд теңге бөлінді. Салада ауқымды жобалар сәтті жүзеге асуда. Биыл облыста 4 жаңа мектеп пайдалануға берілуде. Президент тапсырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 21 мектеп салынады. Жоба құны – 98 млрд теңге. Қазір 10 мектептің құрылысы жүргізілуде, қалған 11-і келесі жылы басталады. 2025 жылы толық тапсырылады», – деді ол.



Айта кетейік, Қызылорда қаласында «Білімді қолдау қоры» есебінен физика-математика бағытындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық мектеп-интернат құрылысы қарқын алды. «Қосымша ғимараттар біріншіден, балалардың қатынасуына қажетті, екіншіден, бюджет қаражаты үнемделді. Бір мектеп салғанға орта есеппен 3 млрд теңге кетеді. Ал қосымша құрылысқа кеткен шығын шамамен 700 млн теңге», – деді облыс әкімі.



ӘРЕКЕТТЕ БЕРЕКЕТ БАР


Бұрын жастар жалқау деген сөз көп айтылатын. Осы тектес тіркестердің жастарға жанасып айтылғаны жасырын емес. Бірақ қазір алға ұмтылуға бет бұрған білімге құштар көп-ақ. Қолы қалт етсе, теледидар алдына жайғасатын, уақытын ұйқымен өткізетіндер сирек. Өйткені жалқаулықтың жарқын өмірге жол сілтемейтінін бәрі біледі. «Ақыл – жастан» демекші, қайсыбір салада да бақ сынағысы келгендерге бөгет жоқ.

Жастар әрекеті келешек келбеті болмақ. Олар оқуын жақсы аяқтауды ойлап қоймай, кәсіп түріне де бейімделе бастайды. Демек, ата-ананың ақшасын шашып жұмсап, мойнына отырып масыл болудан ада. Тіршілікте тырбаңдап, қарекет етуге тырысқандардың аяқалысы жаман емес. Маңдай термен табылған қаражатты місе тұтады. Тәжірибе жинақтауда тартынбайтын жастар өзін сан қырынан дамыту үшін түрлі тәуекелге бара алады. Алғашқы қадамы сәтсіз болса алаңдамай, келесіде олқылықтың орнын толтырып, жаңа жобаларға иек артады.

Қазір кәсіптің көзін тауып, дөңгелетіп отырғандар жетерлік. Әрине, ол бизнеске деген қызығушылықтан туындаған дүние. Жастардың көбісі әлдекімге бағынуға құлықсыз. Керісінше, басқаруға қабілетті болған соң өзіне-өзі қожайын атанғысы келетіндер көп. Сондай жастардың таңдауы мен талғамы мүлде басқа. Яғни, мамандығы бойынша жұмыс тауып, соған жегіліп, бір айлыққа қарап отырғысы келмейді. Бірақ мұның кемшін тұстарын да қарастырған жөн. Мәселен, табысты болуға талпынғандар пайданы ойлап, кеңістікте кең құлаш сермеу үшін оқуынан да қол үзіп жатады. Қазір жастар оқуын тастап, маркетинг, таргетолог, ме-



неджер және инстаграмды дамытатын жұмыстарды негізгі мамандық етіп жатыр. Мүмкіндік көп екенін мойындау керек. Сондықтан көбі бір орында қалмай, әртүрлі бағытта білім алуға күш жұмсайды. Өзіне қажет де-



ген ақпараттарды алуда, талдауда аялдап қалмайтыны қуантады. Психологияны оқып, қаржылық сауаттылықты арттыруда бәрі көш бастап келеді. Иә, студенттер де кәсіпке кірісуді бастап кеткен. Ол үшін түрлі тренингтерге бас сұғып, керекті кеңестерге құлақ түруді жөн көреді. Дей тұрғанмен, көбісінің ойы бір жерден шығуда. Өйткені бәрі бизнес бастауда тренингтерге қатысқан дұрыс екенін айтады. Мәселен, ол адам өзі «қандай кәсіппен айналысады?», «қандай жетістіктерге жетті?», соны зерделеу қажет. Бас-аяғы жоқ, «қатысу құны арзан немесе тегін өткізіліп жатыр» деп әрқайсысына жүгірудің қажеті жоқ деген ойда.

«Кәсіпкерлер тұтынушылармен тікелей байланыста болғандықтан жақсы қарым-қатынас орнату керек. Алдымен мақсат қойып, қадамды нық басқаны дұрыс. Кәсіпкерлерден сабақ алып, сол жерде жұмыс істеп, тәжірибе жинақтаудан қашпаған жөн. Кейін ол жетістікке жетелейтін болады. Сол кезде ғана санасындағы кәсіп туралы сауалдарына жауап тауып, бұл істі әрі қарай жүргізе алатындығына көз жеткізеді. Тек «тез көтеріліп кетсем екен» деген ойдан аулақ болу керек. Өйткені адам өзіне 2-3 жыл инвестиция құйып, дамытқанда ғана мықты

жетістікке жететіні сөзсіз», – дейді бастауыш кәсіпкер. Жас кәсіпкерлер осылай ескеру керек нәрселерді де атап өтті. Оқу мен кәсіпке бірдей бет бұрғандар еңбегі еш уақытта зая кетпейді. Олай болса әрекет етіп, кәсіп ашуға дағдыланып көріңіз. Бәлкім, ынтыңыз болса, мықты кәсіпкер атанарсыз. Ендеше, іске сәт!

Ақнұр ТӨЛЕН,
Ө.Тыныбаев атындағы
11-мектеп-лицейінің
8 сынып оқушысы



XX ғасырдың басында өмір кешкен ағартушы-демократ, аса көрнекті ақын, жазушы, публицист Сұлтанмахмұт Торайғыровтың қалдырған әдеби мұрасы қомақты да құнды.

Ол – қазақ классикалық әдебиетінде ұлы Абай қалыптастырған көркемдік дәстүрлерді байытып, жалғастырушы суреткер. Сұлтанмахмұт өз заманының ең мәнді, көкейкесті мәселелерін көтеріп, өзінің көркемдік қолтаңбасын, қоғам мен адам өміріндегі алуан шындықтар көрінісін көркем шығармаларына арқау етті. Ақын туындыларының танымдық, тәрбиелік, эстетикалық мәні қазақ әдебиетінің рухани қазынасына айналды. Қазақ халқының өміріндегі тарихи өзгерістер, төңкерістер мен ерелі заманның жағдайы ақын өлеңдерінде сыншыл реализмнің көркемдік әдістерімен көрініс тапқаны шын. Сұлтанмахмұттың өз өмірінен іздеген шындығы: қазақ елінің дертіне ем табу, «қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болу», «қазақ елінің мұздаған жүрегі жібiту», «көз жасын тыю», теңсіздікті, мұқтаждықты жою, қазақ елін ерікті, мәдениетті, бақытты ету еді.

Өз дәуірінің озық ақыны ретінде қазақ қоғамындағы қараңғылықты, үстем таптың озбыр өкілдері мен дін адамдарын, олардың берік ұстап отырған феодалдық салтын аяусыз мінеп, қазақ елінің тіршілігін көрші елдермен салыстыра суреттеу арқылы шебер жеткізе білді. Сұлтанмахмұттың поэзиясындағы көркемдік жаңалықтар поэмаларында мазмұн мен түрдің бірлігін шебер ұстана білуімен ерекшеленеді. «Қайғы», «Айтыс» поэмаларында XX ғасырдағы қазақ халқының ауыр, аянышты халін, поэмада лирикалық кейіпкер бейнесінде танытады. Ақын поэмасына саяси-әлеуметтік мәселелер

мен халықтың арман-мұны, қайғы-қуанышы, көкейіндегі мұң-тілектері арқау болды. XX ғасыр ұсынған өзекті тақырыптарға ақын шығармалары арқылы толық жауап беруімен ерекшеленеді. Ақынның «Айтыс» атты поэмасында дала ақыны буржуазияшыл-ұлтшылдардың, алашорданың пікір-көзқарастарын, автономия алу, өз алдына мемлекет болу жөніндегі сөздері мен ісін лирикалық кейіпкер бейнесінде баяндайды. Қазақтың ертедегі феодалдық тұрмысын, салтын, қалпын дәріптейді. Ал қала ақыны болса, дала ақынын, оның пікір, көзқарастарын, талап, әрекеттерін сынға алады. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қайғы» поэмасы қоғамдық өмір, әділдік сынды саяси-әлеуметтік күрделі мәселелерді, дүние, қоғам, философиялық мәселелерді терең толғанып, жырлайды. Поэмадың кей жерінде лирикалық кейіпкер налып, қайғырып, торыққан үн білдіріп отырады. Себебі өмір бірыңғай қуаныш-шаттықтан ғана тұрмайтындығын, заман күн мен түн секілді, адам өмірі де қуныш пен қайғыдан тұратындығын лирикалық кейіпкер бейнесінде толық жеткізеді. Ақынның бұл поэмасы алуан тақырыпты, терең мағынаны лирикалық кейіпкер бейнесінде қазақ халқының өз тұсындағы өмірін бар шынайылықпен бейнелейді. Ақын әлеуметтік өмірді, ғасыр ұсынған мәселелерді ең түйінді, күрделі сауалдарды осы поэмада жырлады. Қазақ халқының мұң-шерін, қайғы-қасіретін поэмасына арқау етіп, халық тұрмысын қайта құру жөнінде, ізгі, терең ой енгізді.

Сұлтанмахмұт – реалист ақын. Оның шығармаларындағы қайғысы, заманынан жеруі, жарқын болашақ күтуі – бәрі құр қиялдан туған нәрсе емес, қазақ өмірінің шындығынан туған мәселелер еді. Қазақ арасындағы надандықты, жалқаулықты, шаруаға қырсыздықты, теңсіздікті, зұлымдықты, жинақтап айтқанда, қазақ бұқарасының сол кездегі ауыр, аянышты халін дәл көріп, терең түйен туған қайғы, жеру, үміт еді. Сұлтанмахмұт – сыншыл ақын. Ол таптық-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық өмірдің егжей-тегжейін, шын бейнесін, қазақтың тұрмыс-салтын, мінез-құлқын нақты, дәл, дұрыс көрді. Оның жақсысын, жаңасын кадрілеп, мақтап, жаманын, мінін сынап көрсетті.

Айару БАҚЫТҚЫЗЫ,
М.Мәметова атындағы
Қызылорда педагогикалық жоғары
колледжінің 3 курс студенті

СҰЛТАНМАХМҰТ – ӘР РУХТЫ АҚҰЫН

Мамандық... Мамандық дегенде алғаш адам ойына асқан жауапкершілік оралары анық. Болашақта таңдаған мамандық – арман мен мақсаттардың қосындысы. Мамандық таңдау тағдырыңды таңдау деген сөз.

қазіргі таңда сұранысқа ие мамандықтар тізімінде ақ халатты абзал жандар көш бастап тұр. Бұл халықтың сенім артар, жыл

өткен сайын қоғамда беделді мамандықтар шеруінде сап түзейді. Дәрігер болу – ерлік деп жатады. Әрине жанына шипа іздеп келген жанның дертін анықтап, құлан-таза айығып кетуіне себепкер болуын, жемісті еңбек жылдарың ерлікпен пара-пар. Кейбір жағдайда жастар арасында мамандық

таңдау ережесін білмегендіктен өзі қызықпайтын мамандықты таңдап жатқандар кездеседі. Осыдан барып, өз мамандығына көңілі толмай, реніш сезімі орын алып, жоспар құрғысы да келмейді. Осындай келеңсіздікті болдырмау үшін мақаланың басында айтқандай, мамандық таңдау кезінде аса жауапкершілік таныту қажет.

МЕНИҢ БОЛАШАҚ МАМАНДЫҒЫМ

Үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас ұланның алдында мыңдаған мамандық ішінен өзіне лайықтысы біреуін таңдау міндеті тұрады.

Менің таңдаған мамандығым – дәрігер. Дәрігер – адам өмірінің арашасы, өмір сабақтастығының жалғастырушы аса жауапты маман иесі. «Сен де бір кірпіш, дүниеге кетігін тап та, бар қалан» деп Абай атамыз айтқандай, медицина саласы үлкен құрылыс алаңы десек, мен сол құрылыстың бір кірпіші болып қаланғым келеді.

Дәрігер алдына келген науқасты таңдамайды, қандай жағдайда болсын өмірін арашалап алуға міндетті. Дәрігер білімді болуымен қатар мейірімді болуы аса құнды. Дәл



Адамның тағдыры оның қандай мамандықты таңдағанына тікелей байланысты. «Таңдай біл де, талап қыл!» деп дана халқымыз айтқандай, өміріміздің маңызды кезеңіне бей-жай қарамай, таңдау кезіне сәттілік тілеп отырып, егеменді еліміздің ертеңгі білікті маманы бол демекші, жас дос!

Гүлназ АҚЫЛБЕКҚЫЗЫ,
І.Қабылов атындағы
№12 ІТ-мектеп-лицейінің
7 «Б» сынып оқушысы

ҚАРАШАҢЫРАҚ ҚАЛАШЫҒЫ – ҚАЗҰУ

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің экономика және бизнес жоғары мектебінің 4 курс студентімін. Дәл осы университетке және факультетке түскеніме еш өкінбеймін. Себебі факультетімізде әр жақтан жиналған дарынды, мықты оқушылар жиналған. Бұл ең алдымен бәсекеге қабілетті болуына септігін тигізеді. Қазақ Ұлттық университеті – «ҚазҰУ» қалашығы деп аталатын Қазақстандағы үлкен территориясы бар білім ордасы. Бұл оқу орны шығармашыл, білімді, жан-жақты мамандарды дайындаушы және болашақта орасан зор мүмкіндіктер ашатын көрнекті оқу ордасына айналған. Университет жаңа оқу әдістемелерімен, кітапханасы жаңа технологиялармен жабдықталған. Жатақханалары да заманауи, студенттерге қолайлы. Университет қалашығына кіргеннен бастап интернет желілерімен қамтамасыз етілген. Оқуға келгелі көптеген жақсы достар, білгендерін аямай барынша үйрететін ақылшы ұстаздар таптым. Сабақ беретін барлық ұстаздарымызда мықты, өте білімді, өз істерін меңгерген нағыз мамандар иесі. Болашақ білім алушылар ғылым жолына бағыттау мақсатында ҚазҰУ оқу орнына түсіп оқуы, оның ғылым жолында дамуынан жақсы мүмкіндік береді. Себебі ғылым жолында даму үшін жоғары дәрежелі профессорлар мен білікті оқытушылардың маңызы зор, бағыт беруші мамандар керек. Осы қарашаңырақта кезінде білім алған түлектер қазір Қазақстанның беделді азаматтарына айналып отыр. Сол сияқты біз де университеттің тәжірибелі түлегі атанғымыз келеді.

Нұрай НҰРМАТҚЫЗЫ,
Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Экономика және бизнес жоғары мектебі Логистика мамандығының 4 курс студенті,
Жетекшілері **Шынар АБДИКУЛ,**
Лаура ИБРАЕВА

ЭЛЕКТРИК БОЛУ ДА МӘРТЕБЕ

Технология үздіксіз дамыған әлемде электр таспада қалмайды. Олар жай ғана электр тогын өткізіп қоймайды, олар болашақтың жарығын жағып, ақылды қалалар мен технологиялық дамыған қоғам құруға үлес қосады.

Электрик жұмысының мәні тек сым жалғаумен шектелмейді. Күрделі жүйелерді түсіну, соңғы технологияларды қадағалап отыру және мәселені тиімді шешу қабілеті бізді энергетикалық тұрақтылыққа жеткізеді.

Электрик үшін әрбір сынақ – әлемді жарқын ету мүмкіндігі. Күнделікті міндеттерден бастап күрделі жобаларға дейін олар әрбір үйді, кеңсені және қаланы жарықпен қамтамасыз етуге жауапты. Олардың жұмысы біздің заманауи өмірімізге қуат беретін инновацияның негізі. Сол себепті де электрлік болуды мәртебе санаймын.

Мағжан СЕРІКБАЕВ,
И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің студенті



Электрик – прогрессті ұшқынның сақшылары.

Апта сайын миллиардтаған адамдар электр тогы деп аталатын технология ғажайыбына бойламай, ажыратқыштарға және сымдарға жүгінеді. Бірақ әрбір жарқыраған экранның, қозғалтқыштың немесе жалғанған құрылғының артында электротехниканың құпиясын шебер меңгерген адам тұр.

Электриктер сым қосатын маман ғана емес. Олар – біздің қараңғылығымыздағы жарық нүктелерін мұқият

орналастырып, үйдегі жарықты нұрландырушылар. Оларсыз әлем қараңғылыққа бата еді. Олар биікке көтеріледі, электр тогы өмір сүретін түкпір-түкпірге енеді. Электрдің қолы құрал болса, қолдаушысы білім.

Электрик ақауды жөнделп қана қоймайды. Олар энергияны үнемдеуде де, жаңа технологияларды енгізуде алдыңғы қатарда.

Нұрасыл БАҚБЕРГЕН,
И.Әбдікәрімов атындағы
Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжінің студенті

ЖАЛЫНАДЫ ҰШҚЫНЫҢ САҚШЫЛАРЫ

Бүгінде қазақ футболын дамыту үшін жүйелі реформа қажет деген пікір көп. Осы ой үдесінен шығу мақсатында түрлі бағдарлама жүзеге асып, талай жастың аталған спорт саласына келуіне түрткі болуда. Соның бірі – «QJ League».

Бұл Қазақстан футбол федерациясы, Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы және «Freedom Holding Corp»-тің бірлескен жобасы. Негізгі мақсат та айқын. Жоба авторларының айтуынша, жаңа лига ел футболының дамуы тарихындағы маңызды кезеңге айналмақ.

Қазіргі таңда елімізде футбол чемпионаты бойынша үш лига ойындары бар екені белгілі. Атап айтқанда, командалар Премьер-лига, Бірінші және Екінші лигаларда доп тебеді. Бұл лигаларға кәсіби және жекелеген командалар қатыса алады. Ал «QJ League»-сында кәсіпқой футбол командаларының футбол орталықтарында тәрбиеленетін 18 жасқа дейінгі 12 команда бақ сынайды.

Бұған дейін елімізде жасөспірімдер командалары бірнеше айда бір рет бас қосып, өзара кім мықтыны анықтайтыны болмаса, тұрақты ойын тәжірибесі болмаған.

Енді жасөспірім футболшылар да кәсіпқой футболшылар сияқты апта сайын жасыл алаңда ойнайды. Өрине, бұл – жас футболшыларға кәсіби футбол талаптарына бейімдеуге үлкен мүмкіндік. Жасөспірімдер арасындағы жарыстың мұндай форматы Еуропаның барлық дамыған елінде қолданылатынын айта кеткен жөн.

Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділет Барменқұловтың айтуынша, «QJ League»-ның мақсаты

ұлттық құрамаға сапалы резерв даярлау екен.

– Бұл – балалар футболын ілгерілетудегі негізгі жобаның бір бөлігі. Осы жоба арқылы біз

дарынды балаларды жоғары лигаға даярлауға көп көмегін тигізетін жарыс жүйесін құрамыз. Бұл жас жігіттер үшін кәсіби футболдағы алғашқы қадамы болады, – дейді ҚФФ басшысы.

Айта кетейік,



«QJ LEAGUE»: БАЛАЛАР ФУТБОЛЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ?

жасөспірімдер лигасының биылғы маусымында «Ақсу»,

«Ақтөбе», «Астана», «Атырау»,

«Жас Қыран», «Қайрат», «Каспий», «Оңтүстік», «Ордабасы», «Тараз» және «Шахтер» командалары өнер көрсетті. Сондай-ақ бұл тізімде қызылордалық «Қайсар» бар. Ал 2025 жылға қарай «QJ» лигасына қатысатын командалар саны артып, ұлдар үшін алты лига, сондай-ақ қыздар үшін бір лига болады деп жоспарлануда. Жалпы, жарысқа 70-тен астам команда мен 3000 спортшы қатысқан.

Турнир барысында барлық матчты еліміздің кәсіби төрешілері өткізген. Бір айта кетерлігі, клубтардың көшпелі матчы кезінде жол жүру, қонақүйлерде тұру, үш мезгіл тамақ, бір сөзбен айтқанда, жасөспірімдер лигасының барлық шығынын лиганың бас серіктесі – «Freedom Holding Corp» өз мойнына алған болатын. Бұл туралы БАҚ-қа берген сұхбатында «Freedom Holding Corp»-ның бас атқарушы директоры, «QJ League» қамқоршылар кеңесінің төрағасы Тимур Турлов былай деп ашып айтқан.

– «QJ League» – бұл ҚФФ және ҚКФЛ

бізбен тығыз ынтымақтастықта жүзеге асыратын үлкен әлеуметтік жоба. Ортақ мақсатымыз – Қазақстан футболын және жас футболшыларды дамыту. Біз тек футболшыларды ғана емес, жаттықтырушылар, төрешілер, менеджерлер және спорт индустриясындағы басқа да сұранысқа ие мамандарды да оқытамыз және оларға қолдау көрсетеміз. Қазақстанда, әсіресе өңірлерде футболға деген әлеуметтік сұраныс өте жоғары. Қазір жасөспірімдер лигасын 12 командамен бастаймыз. Кейін бірте-бірте барлық аймақты қамтимыз. Футбол бір жылда жеміс беріп, аз уақытта үлкен биікті бағындыратын спорт түрі емес. Айтулы жеңіске қол жеткізу үшін ұзақмерзімді жоспар болу керек. Біз сол ірі жеңістердің іргетасын енді қалап жатырмыз, – дейді Тимур Турлов.

Осы орайда әлемдік футбол тарихында инфрақұрылым мен

балалар футболына көңіл бөліп, 10-15 жылда жетістікке жеткен құрамалар туралы аз-кем

айтып өтсек. Балалар футболына көңіл бөліп, ел

футболын дамытқан мемлекеттің бірі – Бельгия. Бельгия футболының басына бақ құсын қондырған құраманың техникалық директоры Мишель Саблон жасөспірімдер және жастар құрамаларын жаттықтыратын Боб Бровайспен бірге елдегі футболды дамытудың ұзақмерзімді жоспарын жасап шығады.

Олар алдымен көршілес Нидерланд пен Испания футболының жаттықтыру тәсілдері мен философиясын зерттеуге кірісіп, «Аякс» және «Барселона» клубтарының «шеберханасынан» өткен. Зерттеу және тәжірибе алмасу нәтижесінен кейін олар бірінші кезекте нәтиже маңызды емес екенін ұғынып, Бельгияда алғашқы революциялық қадамдар жасады. Яғни, жасөспірімдер арасындағы чемпионаттардан турнир кестесі мен ойын нәтижесін алып тастады. Сондай-ақ балалар алаңда еркін сезіну үшін 2x2, 5x5, 8x8 форматындағы кіші алаңдарда ойнауға мүмкіндік берді. Сол арқылы дриблинг пен допты диагоналды асыруға шыңдады. Бельгия сапында жасынды жарқылдаған Тибо Куртуа, Кевин Де Брейне, Азар секілді даңқты футболшылардың барлығы осындай мектептерде дайындалған еді.

Өрине, қазақ футболын дамыту маңызды қадамның бірі. Сондықтан аталған жоба тек футбол тарихын ғана емес, спортсүйер балалардың тағдырын да өзгертерін анық. Аладағы 5-10 жылда жаңа буынның тартысты ойыны мен аңызға айналған футболшыларын көретінімізге сенім мол.

АУЫЛ БАЛАЛАРЫ АРАСЫНДА ТУРНИР ӨТЕДІ



Жуырда хоккейден балалар арасында «SAMRUK BALA CUP» халықаралық турнирі өткізілмек. Оған еліміздің 8 өңірінен 24 команда және Өзбекстан мен Қырғызстаннан арнайы топ келеді деп жоспарланған. Турнирдің мақсаты – хоккей спортын дамыту, балалар арасында саламатты өмір салтын насихаттау.

14 желтоқсанға дейін жалғасатын Елордадағы турнир «Барыс» спорт кешенінде өтеді. Бұл дода «Самұрық-Қазына» АҚ қайырымдылық қызметінің бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna-Trust» қорының қаржылай қолдауымен өтпек. Сондай-ақ «Altyn shaibaly» жобасы аясында ұйымдастырылған алғашқы жарыс. Келесі жылы жоба аясында ауыл балаларының арасында да бірнеше турнир өткізу жоспарланып отыр. Оған қатысуға қазіргі өзінде 200-ден астам өтінім келген.

UFC COUNTDOWN: АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ



Аралас жекпе-жекте жеңіліске ұшырамаған қазақ спортшысы Шавкат Рахмонов әлемдегі ең таңдаулы промоутерлік ұйым UFC-дегі кезекті айқасын Тәуелсіздік күні өткізеді.

Дүниежүзіндегі MMA спортының таңдаулы саңлақтары қатаң сүзгіден өткен соң ғана жолы түсетін UFC аренасында Шавкат осы уақытқа дейін 5 мәрте жекпе-жекке түсіп, барлығында жеңіске жетті. Кезекті айқасын 16 желтоқсанда (Астана уақытымен 17 желтоқсанда) АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында америкалық Стивен Томпсонға қарсы өткізеді.

Осы жекпе-жек кешінің Countdown аңдатпасында Рахмонов туралы да кеңінен қамтылды. Бұған дейін Қазақстанның бірде-бір спортшысы UFC-дің Countdown бейнеролигінің назарына ілінген емес. Countdown – UFC октагонында айқасқа түсетін жауынгерлердің шоқтығы туралы жан-жақты мәлімет беріп, жекпе-жекке қатысты ой-пікірін талқылайтын бейнеролик. Шавкат дүниежүзіне таралатын бейнероликте мәліметті қазақ тілінде баяндады.

ТУРНИР ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ




Мемлекет және қоғам қайраткері Илияс Қабыловты еске алуға арналған дзюдодағы республикалық турнир қорытындыланды.

2006-2007 жылы туған ұл-қыздар қатысқан айтулы додада 12 команда бақ сынаған. Нәтижесінде қызылордалықтар алдыңғы орынға жайғасты. Өртүрлі салмақ дәрежесі бойынша ұлдар арасында Айдын Бозша, Біржан Алдаберген және Нұрислам Жақсылық алтыннан алқа тақса, Бақдаулет Ерсінтай, Мағжан Жолдасбек және Асанәлі Болат II орынды иемденді. Ал Санақбай Ерсұлтан мен Дүйсенбай Нұрдаулет III орынды қанағат тұтты.

Қыздар арасындағы тартыс та олжалы болды. Талшын Мағанат мен Аружан Алмағамбетова I орынды қанжығаласа, Сәния Аманжолова мен Сандұғаш Молдағали күміс медальді иеленді. Ал Айзерә Зейнуллақызы, Инабат Нұрадинқызы және Нұршат Жұмағалиқызы III орынға тұрақтады.

Бетті дайындаған Б.ШАҒЫРОВ



«ТЕРМИНАТОР». МАЙКЛ-ФЕЛПС НЕ ДЕЙДІ?

Қызық, ө. Өзен жағасындағы ауылда туып, өмірі сонда өткен кей балықшы жүзе алмайды десек, сенбессіз. Бірақ солай. Айдыңды Аралда мұндай кейіпкердің талайын кезіктіргенім бар. Ал Сырдарияны бойлай орналасқан бас шаһарда тұрып, малту білмейтіндер де бар. Жүзу өмірлік дағды екенін ескерсек, мұндай өнерді игеру қажет-ақ. Осы орайда 20 жасында «Терминатор» деген лақап атқа ие болып, жүзуден алдына жан салмаған аңыз тұлға – Майкл Фелпстің өмір жолын тарқатып, кеңесіне құлақ салайық.

Майкл – бұрынғы рекордтармен күрескен мықты спортшы. 2004 жылы Афины Олимпиадасында 8 медаль жеңіп алды. Оның алтауы алтын, екеуі қола. Тұғырға 23 рет көтерілді. Бұл нәтижені осы күнге дейін ешкім қайталаған жоқ.

Таңқаларлығы, ол жеті жасқа келсе де, бетіне су тигізгенді жек көріпті. Анасы Дэбби бапкеріне алдымен арқамен жүздеу үйретіңіз деп өтініш білдіріпті. Көп ұзамай жүздеу ерекше талантын көрсетеді. Ол шалқалай әдемі жүзетін. Кейде суға батып кететін.

Майкл парталасының қолынан қағазды тартып алады екен. Сол үшін бөлек отырыпты. Мұғалім оқуға ынтысы жоқ десе, анасы спорт туралы кітаптар береді. Математикаға немқұрайлы қарайтынын байқап, мұғалім жалдайды. Тапсырманы Майклдың өмірімен байланыстыруын сұрайды. «Егер секундына 3 метр жылдамдықпен 500 метр жүзсең, бұл қанша уақыт алады?».

Жаттығу кезінде мінез-құлқына да мән беретін. Мысалы, он жасында кезекті жарыста екінші болып келеді. Қатты ренжігені соншалық, жүзу көзілдірігін жыртып, бұрышқа лақтырады. Үйге бара жатқанда анасы эмоциялық тұрақтылық дене шынықтыру сияқты маңызды екенін айтады. Анасы қолын сермеп, «жинал, жүз» деп белгі беруді үйретеді.

Афиныда алғаш алтын медаль алғанда гүл шоқтарын анасына беріпті. «Бақыттан басым айналып, көз жасыма ерік бердім», – дейді анасы.

Фелпстің кейінгі мансабы қарқынды дамыды. 2000 жылы он бес жасында Олимпиадаға қатысып, ойын тарихындағы ең жас спортшы атанды.

Қоржынында жиырма екі (он сегізін алтын) медалі бар Фелпс – Олимпиада тарихында жүлдеге бөленген ең атақты спортшы. 2008 жылы Бейжің Олимпиадасына дайындалғанда Фелпстің бапкері одан төсекте жатқан күйі ақыл-ойды мүсіндеу тәсілін қолдануын өтінеді. Ол өзін жарыс өтетін орталықтың ішінде жүргенін елестетті. Оған дейін елестетуді басқару тәсілін іске қосты.

Фелпс хауызға аяқ басардан бұрын мұны күн сайын ойша жаттықтырып жүретін. Нәтижесінде Бейжің олимпиадасында жалпы саны сегіз алтын жүлде алды.

Рио-де-Жанейро ойындарында аты аңызға айналған Фелпс XXIII Олимпиаданың алтын медалін жеңіп алды. Жеңіс саны бойынша рекордты жаңартты. 4-тен 100 метрге дейінгі эстафетада жеңіске жетті. АҚШ құрамасына жаңа Олимпиада рекордын орнатуға көмектесті. Команда қашықтықты 3 минут 27,95 секундта аяқтады.

«Өмірімнің ең бақытты сәттері бассейндегі марапаттау рәсімі емес. Адамдар мені медаль бақытты етеді деп ойлайды.

Иә, мен де осы сөзге сендім. Оған қол жеткізсем немесе осындай нәтиже көрсетсем, мен бақытты боламын. Бірақ шын мәнінде бақыт деген – жетістік емес, оның алдындағы процесс. Егер мақсатқа жету жолында бақыт таба алмасаң, онда оған жеткенде бақыт болмайды. Адамдар мені жыңды деп ойлады», – деген.

Оның жетістіктеріне қарап, мақсатына жету жолында қандай да бір қиындықтарға тап болғанын елестету қиын. Алайда арманына жету үшін көп нәрсені жеңді. Оның ерекше физикасы, өсу үшін ұстаған диетасы және ерекше үлкен аяғының мөлшері туралы олар көп жазды.

«Мақсатыма жетіп, мүмкіндігімді ашу үшін кез келген нәрсеге дайын болдым. Бес-алты жыл бойы бірде-бір демалыс болған жоқ. Туған күн, Рождество немесе басқа мерекелерді тойламадым. Тек күнделікті жаттығу жасадым. 365 күннің барлық уақыты суда өтті. Барлық кедергіні жеңуді үйренуге тура келді», – дейді ол.

Фелпс Олимпиададан кейін үнемі күйзелісті бастан өткергенін айтты. Афины, Бейжің, Лондон олимпиадасы деп жалғасатын. Жай өмір сүру үшін спорттан кететінін жариялады.

«Сонда ғана өзімнің кім екенімді және осы психологиялық мәселелермен күресудің қажеті жоқ екенін түсіндім. Өйткені олар – менің бір бөлігім. Өз проблемаларымды мойындағым келмей, бірдеңе жасағым келмей, терең ішке енгіздім. Кенет басқаларға біртүрлі болып көрінетін нәрсе мен үшін қалыпты жағдай екенін түсіндім», – деп мойындады Фелпс.

Дәл осындай мәлімдемеден кейін ұзақ уақыт қарапайым өмір сүрді. Бизнеспен айналысып, үш баланы тәрбиелеп жатыр. Ол – жас спортшылар мен қарапайым спортшылардың алдында семинарларда өнер көрсететін данышпан жүзуші.

«Туған ағам – мұғалім. Сабақ жоспары әзірленіп, ол бекітіліп, қолданысқа енгізілемін дегенше қанша уақытын жұмсайды. Әрине, оған қосымша қағаз шығынын да айту керек. Бұл жоба арқылы мен екі нәрсені үнемдейтінін айттым. Біріншісі – уақыт, ол қазіргі сәтте бәрінен құнды. Екіншісі – қағаз, сия тәрізді түрлі шығындар. Иә, осы күні мұғалімдер көптеген кедергілерді бастан өткеруде. Қалған уақытын өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға, балаларға сапалы білім беруге



қазақтың бір баласы болсам жеткілікті.

Қызылордада өткен «Innofest Qyzylorda – 2023» облыстық инновациялық жобалар фестивалі жеңімпаздарының бірі – №285 мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының 9 сынып оқушысы Жайылхан Бекзат Маратұлы. Ол «Цифрлық сабақ жоспары» жобасын әзірлеп, таныстырған болатын. «Біздің платформа болашақта Kundelik.kz-тен көйін екінші орында болады» дейді жетекшісі Дархан Совет бізбен әңгімесінде.

сәт. Мәселен, дикан егінді аман-есен жинап болғанда қалай қуанып, аптығын басса, біз де сол сезімде болдық. Бір айырмашылығы, біздің егін жинау науқаны толастамайды. Күзде бітті, болды

деген жоқ. Мойындағы үлкен жауапкершілік пен әріптестердің артқан сенімі қай кезде де алға жетелейді. Біздің білім ошағының ашылғанына да көп уақыт бола қойған жоқ. Бірақ соған қарамастан шәкірттерімізбен бірге бұл оқу орнына түсудің өзі жетістік екенін танытқымыз келді. Біздің мақсат білім грантын ұтып алумен шектелмейді. Алда талай аламанның көркін қыздырамыз, талай биікті бағындырамыз. Білім айдынында талай мықтының қанатын қайтатын деңгейімізді танытамыз», – дейді техника ғылымдарының магистрі Дархан Жамалханұлы.

Бекзат Маратұлы осындай мықты ұстаздардан білім алып, алда да өзінің шеберлігін шындай түсетініне сенімді. Тоқмейілу адамды тежейтініне біледі. «Білімдінің күні – жарық» дейді халық даналығы. Әлемдегі қай мамандықты меңгеремін десеңіз де, алдымен білім керек. «Білімсіз күнің жоқ, оқусыз білім жоқ» деген ата-бабамыз да осы ерекше құндылықтың қадірін бағамдаса керек. Мен әкемді үлгі тұтамын, мақтан етемін. Әкем тәрізді азамат болғым келеді. Кісі ақысын жемейтін, тура жолдан

Мамандыққа келсек, әлі тұрақты мақсат қойғаным жоқ, өйткені, кім болатынымды шешпедім. Мүмкін, IT саласының өкілі, бәлкім жеке кәсіпкер болармын. Қайткен күнде де тәуелсіз еліміздің тұғырын нықтап, әлем тәрізіндегі даңқын асқақтататын азамат болсам жеткілікті. Ал бүгінгі жобамна келсем, сәтін салса, қолданысқа еніп, ұстаздарыма тигізген пайдам болар еді», – дейді дарынды Бекзат. Иә, сайыста бақ сынаған 600 баланың ішінен аламанның алдына шығып, биіктерді еңсерген Бекзаттың бұл жетістігі Сыр өркендерінің өресі биік екенін тағы бір байқатты. Бекзат тәрізді ондаған бала жүйрік атанып, жетістік желкенін керді. Мұндай жастардың қалыптасып келе жатқанын көру – біздің де басқа жазған бақ екені рас. **Дәулет ҚЫРДАН, Суретке түсірген Нұрболат НҰРЖАУБАЙ**

Шәкірт жобасы қағазбастылықтан құтқарады

жұмсар еді», – дейді жеңімпаз Бекзат Бекзат осы сайыста Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің білім грантын жеңіп алды. Аламанның бас бәйгесі де осы болатын. Бекзатпен бірге оның жетекшісі Дархан Совет те қуанды. Әрине, шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің көрінісі. «Бар шаршағаныңды ұмытып, қуанатын кезеңің – жеңіске жеткен

тайқы-майтын, мықтымын деп көкірек ұрмайтын



Көбелектер көрмесіне келіңіз!

Қызылордадағы «Жібек жолы» ойын-сауық орталығында көбелектер экспозициясы өтіп жатыр. Климаты ылғалды аймақтарды мекендейтін қанаттылардың үйшігі арнайы құрылғымен жабдықталған. Оны инсектариум деп атайды екен. Бамбук таяқшасында жұлдызқұрттар ілулі тұр. Бұл жерде көбелектің қалай пайда болатынын көре аласыз. Мұнда қанатты жәндіктердің 10-нан аса түрі бар. Олардың негізгі қорегі – апельсин және қант шырыны. Жәндіктерге түр-түсіне, мекеніне байланысты түрлі атау берілген. Олардың арасында Румянцевтің желкенді кемесі, Аттакус атлас, Идэя Леуконоя, көгілдір Морфо, Лови желкенді кемесі көпшіліктің қызығушылығын туғызуда. Экспозициядағы ең ерекше көбелек – Аттакус атлас. Ол – әлемдегі ең үлкен көбелектің бірі саналады екен. Қос қанатын жайғандағы ұзындығы – 25-30 см, өмір сүру ұзақтығы – 4-5 күн ғана. Қанатындағы өрнек жыланның басына ұқсағандықтан, мамандар арасында «жыланбас» деген атауға ие. Гидтың айтуынша, Үндістанда аттакус атласты көдімгідей қолда бағады. Көбелекшілер жәндіктің құртынан мықты түкті жібек мата алады. Мұны өздері фагар жібегі деп атайды. Ал тайваньдытар көбелектің көлемді піләсін әмиан ретінде пайдаланады. Тағы бір ерекше көбелек – көгілдір Морфо. Ол – биік ұшатын көбелектердің бірі. Оңтүстік Американың жаңбырлы ормандарында өмір сүреді. Адамдар көзіне көп түспейтіндіктен, жергілікті халық қасиетті санап,

оны өмірден өткен рух деп те есептейтін көрінеді. Ежелгі үнді аңыз бойынша иығына осы көбелек қонған адамның арманы орындалады. – Тасымалдаушылар апта сайын көбелектің қуыршақтарын әкеледі. Көрмеде арнайы тропикалық климаттың жағдайын жасадық. Келушілер тіпті олардың жарық дүниеге келуін де бақылай алады. Көрме 24 желтоқсанға дейін жалғасады. Бұған дейін мұндай шара еліміздің 10-нан аса өңірінде өтті. Келушілерге көгілдір немесе күлгін түсті киім кигені дұрыс, сондай-ақ көбелектер ақ сары және қызыл түсті де ұнатады, – деді Дмитрий. Көрме коллекциясы апта сайын жаңа көбелектермен толықтырылып отыр. Өйткені жоғарыда

айтқанымыздай, бұл тіршілік иелерінің өмір сүру мерзімі өте қысқа. Сондықтан өңір олардың дернәсілдері ғана жеткізілді. Арнайы контейнерде орналастырылған көбелектердің 150-ден аса қуыршақтары бар. Ұйымдастырушылар оның біреуін 2000 теңгеге сатып алған. – Меніңше, көрмеге кіру құны аса қымбат емес. 1800 теңге осындай керемет көріністі тамашалауға тұрады, мұнда отбасыммен бірге келдім. Тропикалық көбелектердің контейнерден қанат қағып жатқан сәтін алғаш көріп, қатты толқыдым, – дейді қала тұрғыны Салтанат Назар. Статистикаға жүгінсек, әлемде көбелектің 200 мыңнан астам түрі бар. Мезозой дәуірінде пайда болып, мамонт көрген қанаттылардың сыры бүгүлі. Ғалымдар оның тереңіне әлі бойлап жатыр.

Тоқты
Апта басында өзге адамдардың ұсынысы сіз үшін пайдалы болуы мүмкін. Жақындарыңызбен жылы қарым-қатынас орнатыңыз. Қиындыққа да мойымай еңбек етсеңіз, өз жемісін береді.

Торпақ
Қаржылық жағдайыңызды жақсарту үшін қолдан келгеннен аянып қалмаңыз. Шектен тыс сабырсыздық сізге пайда әкелмейді.

Егіз
Бойыңыздағы зор энергия бұған дейінгі жоспардың орындалуына ықпалын тигізеді. Маңызды шаруалардың бел ортасында жүресіз. Біраз адамдарға көмегіңіз тиіп, алғыс алғалы тұрсыз.

Арыстан
Жұмысыңызда елеулі өзгерістер болып, шеніңіз өсуі мүмкін. Қолға алған кез келген жобада олжалы болуыңыз ықтимал. Тіпті қарсыластарыңызды шаң қаптырып, жоспарламаған бастамаларды да қолға аласыз.

Бикеш
Апта басында күш-қуатыңыз төмендеуі ықтимал. Барынша сабыр сақтап, айналаңыздағы адамдармен тіл табысуға тырысыңыз. Ұжымыңызда қиын әрі жауапты істі сізге тапсыруы мүмкін. Дегенмен сіздің жеке өміріңіз жайлы білгісі келетін адамдар саны артуы мүмкін, барынша сақ болыңыз.

Таразы
Аптаның басында денсаулығыңызға жете мән бергеніңіз абзал. Сүйіктіңізге сыйлық сыйлап, жылы лебіз білдіріп тұруды ұмытпаңыз. Демалыс күндері үйде демалғаныңыз дұрыс.


Сарышаян
Осы аптада асықпай жүріп, жетістікке жетуіңіз мүмкін. Жан-жақтан келіп түскен ұсыныстарды жіті ойланып, дұрыс шешім қабылдағаныңыз абзал.

Мерген
Аптаның ортасында ерекше тосын сыйдың иесі атанасыз. Ұзақ уақыттан бері мазалаған қаражат мәселесі шешілмек. Басшылықтың көңілінен шығу үшін берген тапсырмаларын дер кезінде орындап жүріңіз. Лауазымыңыз өсуі мүмкін.

Тауешкі
Жеңіл ой мен көкіректіктен құтылуға тырысыңыз. Басында бәрі жақсы болғанмен, ол кез келген сәтте кері әсерін тигізуі мүмкін. Араласып жүрген адамдарыңызды жақсы танымай жатып ішкі сырыңызды ақтармаңыз. Жұмыс істеу әдісіңізбен бағытыңызды жиі өзгертіп тұруға тура келеді.

Сұқұйыш
Жақындарыңыздан көңіліңіз қалатын сәттер болуы мүмкін. Мойымаңыз, кәтеліктеріңізді түсініп, дұрыс шешім қабылдай білген жөн. Қатты шаршап жүргендіктен, өмірге деген көзқарасыңыз өзгерген. Бойыңыздағы барлық күш қуатты жинап, тек алға ұмтылыңыз.

Балық
Бұл жеті күн тосын сыйға толы. Сіз көптен көрмеген достарыңызбен ойда жоқта кездесіп қалуыңыз мүмкін. Ескі таныстарыңыз көңіліңізді «көктем» етері сөзсіз.



АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

<p>БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ</p>	<p>Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.</p>
<p>Қабылдау бөлмесі: Тел/факс: 40-11-10</p>	<p>Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz</p>
<p>БАС РЕДАКТОР Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ</p>	<p>Таралымы: 6931 Тапсырыс: 1980</p>

Кезекші редактор: Н.Н.ЫШАНОВА